

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Философия және психология факультеті
Философия және мәдениет теориясы кафедрасы

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ САЯСАТ (ҚАЗЫБЕК БИ
ФИЛОСОФИЯСЫ) пәні бойынша

050201 – Философия мамандығына арналған

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

Қарағанды 2009

Құрастырған: Сағатова Әсем Серікқызы

философия ғылымдарының кандидаты, философия және мәдениет теориясы кафедрасының доценті

Берілген әдістемелік кешенде «Мәдениет және саясат» («Қазыбек би философиясы») пәні бойынша Мемлекеттік оқу стандартына сәйкес оқу-әдістемелік материалдар жинақталған. Онда пәннің оқу жоспары берілген. Сонымен бірге, оқу процесін жүргізетін кафедра мен оқытушы, курсты оқитын орын мен уақыт туралы ақпараттар да бар. «Мәдениет және саясат» («Қазыбек би философиясы») пәнінің қысқаша сипаттамасы, студенттерге қойылатын талаптар мен олардан күтілетін нәтижелер көрсетілген. Бұл оқу-әдістемелік кешен студенттердің семинарлық сабақтарға дайындалуға, сондай-ақ олардың пәнді өз бетінше зерттеп, игеруге мүмкіндік береді.

«Мәдениет және саясат (Қазыбек би философиясы)» пәні бойынша 050201 – «Философия» мамандығы студенттеріне арналған оқу-әдістемелік кешен / Дайынд. Ә.С.Сағатова – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. – 54 б.

1. ПӘННІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ – SYLLABUS

1.1 Оқытушы туралы мәліметтер:

Сағатова Әсем Серікқызы

Байланыс жағдайлары: Жұмыс телефоны: 77-03-88

Электрондық адрес:

Кафедрада болу уақыты: Күнара, сағат 10.00.-17.00

1.2 Пән туралы мәліметтер:

Қазақ мәдениетіндегі табиғатпен үйлесімділік мәселесі

Несиелер саны:2

Өткізу орны: Философия және психология факультеті

Дәрісхана: сабақ кестесі бойынша

Оқыту мерзімі: 1 курс; 1 семестр

Оқу жоспарының көшірмесі:

Оқу түрі	Оқу мерзімі	Курс	Семестр	Несиелер	Дәрістер	Семинарлар	Лаборатор	СӨЖ	СӨЖ	Барлығы	Бақылау түрі
Күндізгі	4	2	3	2	15	15		30	30	90	Сынақ

1.3 Пререквизиттері:

Болашақ мамандардың өз отанына, туған жеріне деген патриоттық сезімдерін қалыптастырып тәрбиелеуде бұл курстың ролі маңызды болмақ. Әрі әділ, әділетті бітім-биліктерімен ел басқару, ел мүддесін қорғау тәсілдерімен қазақ топырағында ерекше орын алған іргелі тұлғалардың шешендік, билік жолы ғасырлар бойы ел тарихының арқауы болған өмір тарихымен келер ұрпақты таныстыруды пән мақсат етеді.

1.4 Постреквизиттері:

Оқытылатын пән бойынша қолданылатын пәндер тізімі: философия, философия тарихы, қазақ философиясы ойлау жүйесінің тарихы.

1.5. Пәннің қысқаша мазмұны

Бағдарлама 90 сағат көлемінде оқытуға арналған. Берілген курстың бағыты – студенттерді отандық тарихпен, еліміздің мәдени үрдісін қалыптастыруда атсалысқан ұлы тұлғалардың өмірі және қызмет жолы, елдің іргетасын қалаудағы ерен еңбектерін саралай отырып, еліміздің рухани мәдениеті және өркениеті жөніндегі көзқарастарын нығайтып, отанына, туған жеріне деген патриоттық сезімдерін шыңдау.

1.6. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және өткізу кестесі

№	Жұмыс түрі	Тапсырма мақсат және мазмұны	Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер	Орындау мерзімі	Бақылау түрі (рейтингтік Шкалаға	Балдар (рейтингтік Шкалаға	Есеп беру түрі	Тапсыру уақыты
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Семинарларға дайындық	Мақсаты: 1.Бағдарламалық материалдарды оқу 2.Ұғымдарды бекіту 3.Әдебиеттерді талдау Мазмұны 1.Дәрістік материалдарды оқу және бекіту 2.Негізгі және қосымша әдебиеттерді оқу	Семинар сабақтарының жоспарларына сәйкес	Пәннің тақырыптық жоспарына сәйкес аптасын	Ағымдық (10-20)	10-20	Оқыт армен анықт алады (ауызша сұрау, тапсырмаларды иелену)	Ағымдағы бақыл аудың жоспарына байланысты

2	Үй бақылауы	<p>Мақсаты:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Теориялық білімді қалыптастыру 2. Алынған білімді қолдану <p>Мазмұны</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Үй тапсырмасын шешу 2. Тәжірибелі тапсырмаларды дайындау 3. Негізгі және қосымша әдебиеттерді талдау 4. Рефераттармен баяндамаларды дайындау 5. Несиелерді шешуге дайындау 6. Дайындалған баяндамалардың презентациясы 	СОӨЖ СӨЖ жоспарларына және тапсырмаларына сәйкес	Әр апта сайын пәннің тақырыптық жоспарына сәйкес	Үй жұмысы (5-10)	5-10	Оқытушылармен анықталады (Пікірталас, реферат)	Үй тапсырмасының жоспарына байланысты
3	Аралық бақылау	<p>Мақсаты:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Магистранттардың білім деңгейінің көрінуі 2. Өзіндік жұмыстарды тексеру <p>Мақсаты:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Коллоквиум жүргізу 2. Курсты 	Жалпы пән бойынша силабус та берілген әдебиеттер тізімі	Пән бағдарламасы бойынша 7 және 14 аптада	Аралық (15-30)	15-30	Аралық бақылау ауызша коллоквиум, жазбаша жұмыс	Арнайы тапсырмалар бойынша 1-10 тақырыптарды өткеннен

		қаншалықты меңгергенін тексеру						кейін жазбаша жұмыс. Сынаққа бір апта қалғанда ауызша коллоквиум (1-2 тақырыптарды қамтиды)
4	Қорытынды бақылау	Мақсаты: 1. Студенттердің білім деңгейін тексеру Мазмұны: 1. Тест түрінде сынақ	Берілген әдебиеттер тізіміне байланысты	Сынақ апталығы кестіне байланысты	Қорытынды (20-40)	20-40	Компьютерлік түрдегі жалпы тест	Деканат кестіне байланысты

1.7 Әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

1. Адамбаев Б. Халық даналығы. –А., 1997
2. Алтаев Ж. Қазақ халқының рухани мұралары. –А., 1998
3. Алтай Ж., Қасабек А. Философия тарихы. –А., 1999
4. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. –А., 1975
5. Әуезов М. Құнанбаев А. Шығармалары. –А., 1975
6. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғ. 20-40 жылдарында. – А., 1994

7. Бейсенов Қ.Ш. Қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері. –А., 1994
8. Древнекитайская философия / Сост. Ян Хин-Шун. –М., 1994
9. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. –А., 1999
10. Құнанбайұлы А. Қалың елім қазағым. Шығармалары. –А., 1995
11. Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі.-А., 1993
12. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. –А., 1985
13. Нурланова К.Ш. Человек и мир: казахская национальная идея. –А., 1994
14. Омари Ж. Бұқар жырау. Он екі тарих. –А., 1994
15. Омари Ж. Қаз дауысты Қазыбек.- А., 2000
16. Рыскалиев Т.Х. Даналық пен түсініктің үлгілері (философия тарихына шолу). –А., 1999
17. Семенов И.И. Афоризмы Конфуция. –М., 1982
18. Сорокин П.А. Человек. Цивилизация. Общество. –М., 1992
19. Уәлиханов Ш. Таңдамалы / Жауапты ред. Е.Жармуханбетова., -А., 1985

Қосымша әдебиеттер:

20. Әділбеков Ш. Қазақ фольклорының эстетикасы. –А., 1991
21. Байділдаев М. Бес ғасыр жырлайды. –А., 1984 5 томдық
22. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. –А.,1975
23. Ғабитов Т.Х., Жарықбаев Қ., Алдамұратов А. Мәдениеттану негіздері. –А., 1997
24. Жарықбаев Қ. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: (ХІ ғасырдан ХХ ғасырдың басына дейінгі кезең). –А., 1994
25. Кенжалиев З.М. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. –А., 1997
26. Қасенов Б.Қ. Намыс (философиялық эссе). –Қарағанды, 1999
27. Негимов С. Шешендік өнер.-А., 1997
28. Сейдімбек А Қазақ әлемі: Этномәдени пайымдау. –А., 1997

29. Үш пайғамбар: Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке би / Құраст. Н.Нысанұлы. –А., 1992

30. Төрешұл Н. Билер сөзі – ақылдың көзі. –А., 1996

31. Төрешұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. –А., 1993

32. Философиялық сөздік / Ред. Р.Н.Нұрғалиева, Ғ.Ғ.Ақманбетова, Ж.Н.Әбділдин. –А., 1996

1.8 Баға туралы ақпараттар:

Рейтинг- шкала

Бақылау түрі	Балдар
Ағымдық	10-20
Аралық	15-30
Үй жұмысы	5-10
Жіберу рейтингі	30-60
Қорытынды	20-40
Барлығы	50-100

Білімнің жалпы бағасы

Баға	Ескерту	Орта балл	Пайыз түрінде балл
A	Өте жақсы	4,0	95-100
A-	Өте жақсы	3,67	90-94
B+	Жақсы	3,33	85-89
B	Жақсырақ	3,0	80-84
B-	Жақсырақ	2,67	75-79
C+	Қанағатты	2,33	70-74
C	Қанағатты	2,0	65-69
C-	Қанағатты	1,67	60-64
D	Қанағатты	1,33	55-59
D+	Қанағатты	1,0	50-54
F	Қанағатты емес	0	0-49

1.9 Курстың саясаты мен процедурасы

Оқу процесінде студенттерге қойылатын негізгі талаптар оқу курсының мақсаттары мен міндеттерінен шығады. Дәрістерге және семинарларға қатысу міндетті болып табылады. СОӨЖ-ға қатысу Студенттің дайындық деңгейімен анықталады. СОӨЖ-да кейсті шешу, презентация, тестілеу жүргізілсе қатысу міндетті. Ауырған жағдайда дәрігер құжаттары көрсетіледі.

Негізгі талаптар:

- Сабаққа кешікпеу
- Сабақтардан қалмау керек
- Оқу процесіне белсенді қатынасу
- Сабақ барысында сабақтан тыс нәрсемен шұғылданбау
- Ұялы телефонды қолданбау және өшіру
- Берілген тапсырмаларды уақытпен орындау

Сабаққа қатыспағанда, жазба жұмыстарды көшірген жағдайда, телефонды қолданып, тәртіпті бұзған жағдайда айып балы (-10) қолданылады.

2. ПӘН БОЙЫНША ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР

2.1 Күндізгі бөлімнің тақырыптық жоспары

Барлығы (несиелер) – 2 кредит

Тақырып атауы	Дәрістер	Семинарлы к сабақ	Лабораториялық сабақ	ОӨСЖ	СӨЖ
1. Кіріспе.	1	1		2	2
2. Ұлттық мәдениет тарихы	1	1		2	2
3. Қазақ халқының философиялық рухани мұрасы	1	1		2	2
4. Қазақтың рухани дүниесіндегі даналық диалектикасы	2	2		4	4
5. Көшпелі қоғамдағы билер сотының ролі	1	1		2	2
6. Даналық пен адамгершіліктің өзара байланысы	2	2		4	4
7. Қазақ билерінің дүниеге көзқарасындағы даналықтың тарихи-философиялық мәселелері	2	2		4	4
8. Билер шығармашылығы – халықтық мұра	1	1		2	2
9. Қазыбек бидің билік жолы	2	2		4	4
10. Қазыбек бидің даналық көзқарастарының философиялық маңызы	1	1		2	2
11. Қазақ философия тарихындағы би-шешендердің өзіндік орыны	1	1		2	2
Барлығы (сағат)	15	15		30	30

2.2 Дәрістік сабақ тезистері

№1 тақырып: КІРІСПЕ

Сұрақнама:

1. Даналық – көшпелі өркениеттің рухани құбылысы ретінде

2. Адамзаттық құндылықтар дүниесі

Дәріс тезистері:

1 сұрақ: Даналық – қара қылды қақ жарған әділдіктің айғағы болған, халқымыздың кеңдігі мен елдігін, кемеңгерлігі мен көсемдігін, тарихы мен тағдырын, тәлімі мен тәрбиесі, түсінігі мен кемел ойын таныта білген қасиет. Даналық ақыл-парасат пен ой-түсінігінен, пікірінен көрінетін адамның сөзі, ісі және тапқырлықпен іске бастайтын шешім. Даналық қасиет тек шешендік сөздерден емес, сонымен бірге іс-әрекетте де өз көрінісін табады. Асылы ер майданда туатын сияқты ерен қайраткер, тарихи тұлға ел өміріндегі елеулі кезеңдерде өмірге келеді. Еліміздің тағдыры қашан да өз ұландарына сындарлы шақта ғұмыр кешуді жазыпты. Олардың тұлғалық қасиеті де осында болар. Қалай болғанда да өмірі өнеге сол жандар ұлт тарихында белгілі биіктік деңгейінде қалады. Сол биіктік ең алдымен олардың халқына, еліне сіңірген еңбегімен өлшенеді. Данышпандардың өмірге әкелген тарихи туындылары да ірі-ірі оқиғалармен байланысты, сол оқиғаның табиғи серігі, тарихи ескерткіші ретінде туады. Осындай қастерлі халық мұраларының негізі даналықтың көзі, қайнар бұлағы болып табылады. Ал халқымыз қай заманда да даналыққа қатысты сөз қадірін жоғары бағалап, оны таусылмас, сарқылмас байлық ретінде пайдалана да, сақтай да білген. Даналардың ой-қарымын барлау, көзқарасының түп-тамырын анықтау – үлкен ғанибетті құбылыс. Қытайдың данагөй ойшылы, ұстазы Конфуций былай дейді: «Даналықтың шыңына шыққан адам кемеңгерліктің құшағына бүкіл дүние сыймайтынын біледі. Сондықтан сабырлы болуға тырысады. Шешендіктің шегіне жеткен адам шешен сөздің әр нәрсенің шындығын ашып, мәнісін түсіндіре алмайтынын біледі. Сондықтан, олар сылдыр да сұйық сөзге үйір болмауға тырысады. Ерліктің шыңына жеткен адам батырлықпен адамды жеңе алмайтынын біледі. Сондықтан, ол өте қарапайым болады».

2 сұрақ: Ұшы-қиырсыз жазира дала тұрғындары өздерінің үлкен тарихында даналықтың бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік сөз өнерінің дәстүрін одан әрі жетілдіріп, дамытып отырған. Солардың ішінде халық бұқарасының жөн-жобаларының, іс-әрекеттерінің өзіндік салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр рәсімдерінің негізінде қалыптасқан құқық нормалары мен принциптерінің

көріністеріне қатысты мәселелер де баршылық. Бұл да өз кезегінде даналықпен жасалған қазылық, билік-кесім, үкім-шешімдер еді. Бұл жерде сөз болып отырған мәселе даналықтың нышандары ретінде танылатын - қазылық, билік, шешендік дәстүрлері. Сайын даланың кеменгер ойшыл ұлдары өздері өмір сүрген ортаның болмысына, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне, мәдениеті мен тарихына орайлас құқықтың басқа жұртта қайталанбайтын талап-тілектерін дүниеге әкелген. Халқымыздың ұзақ дәуірлер бойы қалыптасқан қоғамдық қатынастарды реттейтін әдет-ғұрыптары, санаға сіңген тәртіп пен этикалық, рухани мәдениеті еліміздің туысқандық негізі бойынша атаға бірігуінен біртұтас ұлтқа бірігуіне дейінгі үздіксіз даму процесін кезең-кезеңмен басынан өткерді. Осынау ұзақ та күрделі даму жолында ата-бабаларымыздан бізге бірліктің, ынтымақтың тамаша үлгісі қалды.

Негізгі әдебиеттер: 2, 3, 4, 6, 8, 10, 12, 13, 15, 18

Қосымша әдебиеттер: 17, 19, 20, 22, 24, 25, 30

№2 тақырып: ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ

Сұрақнама:

1. Қазақ халқының дүниежүзілік өркениеттер арасыдағы өзіндік ерекшелігі

2. Қазақ даласындағы даналық мәселесі

Дәріс тезистері:

1 сұрақ: Енді қазылық, билік, шешендік дәстүрлердің әрқайсысына жекелеп тоқталып өтелік. Қазылық – қазақтардың ежелгі көшпелі тіршілік тұрмысынан туған даулар, бұларға байланысты айтылған үкімдер бірден-бір дұрыс, соны жолдармен шешілген билік-кесімдер. Қазылық сонау көне заманның ғасырлар бойғы жемісі, жалғасы, көшпелі халықтың құқық заңдарының негізгі тармақтарынан шықса керек. Билік, қазылық – ел тарихының ерекшеліктерін танытуда таптырмайтын дүние. Сондықтан да оның ғылыми зерттеу өрісі кең, философиялық мәні мен қызметі зор болмақ. Қазылықтың тарихын әр тұрғыдан қарастыруға болады. Қазылықты құқықпен байланыстыра отырып, оның сот құрылымы, құқықтық жағдайлар, билік-кесімдер және жалпы оның атақты тұлғаларының тарихы ретінде қарастыруға болады. Бұл тұрғыдан алғанда қазақ халқының

тарихында әулие даналардың алатын орындары ерекше. Олардың әрқайсысына тән бойына біткен дарындылық, қасиеттілік өз кезегінде теориялық таным мен тәжірибелік іскерлігінің бірлігі ретінде көрініс табады. Осы орайда Г.Гегельдің мына бір сөзі орынды айтылған: «Адам дегеніміз – өз әрекеттерінің жиынтығы». Өткен тарихымызға көз салсақ, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би бір дәуірде тура келгенін атап өтуіміз керек. Бұл қазақ халқының еркіндігі мен тәуелсіздігіне қауіп төнген уақыт еді. Және де сол заманға сай атақты билердің көзқарастары мен іс-әрекеттерінің көбі ұқсас әрі бірдей болып келді. Атап айтар болсақ, ең алдымен жоңғар басқыншыларына қарсы күресті ұйымдастыру, екіншіден бір орталықты мемлекет құру, үшіншіден қазақ халқының алғашқы әдет-ғұрып құқығының жинағы атақты «Жеті жарғы» заңдар жинағын жасауға қатысуы.

Қазылықты ең алдымен қазақ халқының алғашқы «далалық конституциясы» – атақты «Жеті жарғы» заңдар жинағына қатысты қарастырған дұрыс. Бұл, әрине, ең алдымен Тәуке ханмен байланысты.

2 сұрақ: XVII ғасырдың соңғы ширегі – XVIII ғасырдың басында қазақ халқының басына қара бұлт төніп, халық болып сақталып қалу-қалмау мәселесі күн тәртібінде тұрды. Тарихтың осындай қиын-қыстау кезеңінде қазақ халқы Тәуке ханға аса ауыр жауапкершілік жүктеді. Хан да, батыр да, қара да өз заманының перзенті. Тәуке хан өз дәуірінде қазақ, орыс, қытай, жоңғар және басқа шығыс халықтарының тарихында ірі қайраткер, көрнекті қолбасшы ретінде де елеулі орын алған. Ал өз елінің саяси өмірінде дипломат-мәмілегер, данышпан, айлакер қолбасшы, әдеттік құқық жүйесінің реформаторы және ұлт бірлігі мен жердің тұтастығын сақтауға жан аямай күш салған ірі мемлекеттік тұлға ретінде танылады. Халық тағдырының қиын-қыстау шағында ел өмірінің аса қиын кезеңінде шұғыл жасалатын құбылыстар – төңкерістер, өзгерістер, реформалар әр заманда сол халықты билеген әкімнің, басшының пәрменді әрекетімен тікелей байланысты болмақ.

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 3, 5, 7, 10, 12, 15, 16, 18, 19

Қосымша әдебиеттер: 17, 18, 21, 22, 25, 28, 29, 30, 31

№3 тақырып: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ РУХАНИ МҰРАСЫ

Сұрақнама:

1. Адам және қоғам
2. Даналықтың нышандары ретіндегі – қазылық, билік, шешендік

Дәріс тезистері:

1 сұрақ: Ішкі саясатта Тәуке хан бар мүмкіншіліктерді пайдалана отырып, рулар арасындағы алауыздықты тиюмен қатар ел басқару ісін жақсартуды күн тәртібіне қойды. Бір орталықтан басқарылатын қазақ мемлекеттілігін құру үшін бірінші санатта тұрған мәселе – мемлекеттік басқару ісіне әр ортадан шыққан қабілетті, туа біткен дарынды адамдарды тарту еді. Бұл шаралар өзінің нәтижесін де берді. Қазақ тарихының саяси аренасында осындай қайта құру саясатының негізінде халық арасынан шыққан дарынды билер мен елдің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғауда ерлік танытқан батырлар көтеріле бастайды. Мемлекетті басқаруда үлкен өзгерістер болды. Басқаруда «Билер кеңесі» енгізілді. «Билер кеңесі» сайланған алқалық орган ретінде талқылаған, қаралған мәселе бойынша қайта айналып қарауды қажет етпейтін шешім қабылдау дәрежесіне дейін көтеріле алған. Тәуке ханның тұсында «Билер кеңесінің» құрамына атақты Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке, Досай, Едіге, Сырымбет, Қабек, Даба, Есейхан, Жалған, Ескелді, Сасық би, Байдалы, Тайкелтір, Қоқым сияқты дарынды қайраткерлер мен батырлар кірген. Бұл жөнінде М.Тынышбайұлы «XVII-XVIII ғасырлардағы қазақтар» деген мақаласында былай дейді: «Тәукенің басты еңбегі – қазақ арасына қоғамдық өмірдің заңдастырылған тәртібін енгізді... Күшті де қарулы жауға қарсы тұру үшін Тәуке әлсіз де бытыраңқы рулардың басын қосты, одақ құрды. Өзіне қарасты руларды басқару үшін 6 би: 1) Ұлы жүзге Төле Әлібекұлын (сүйегі дулат, оның ішінде жаныс); 2) Орта жүзге Қазыбекті («Қаз дауысты Қазыбек», арғын, оның ішінде қаракесек); 3) Кіші жүзге Әйтекені (әлім, оның ішінде төртқара, Самарқандағы әйгілі Жалаңтөс батырдың шөбересі); 4) қырғыздарға Қоқым Қарашораұлын; 5) Қарақалпақтарға Сасық биді тағайындады; 6) қатаған, жайма және басқа да ұсақ рулардың биі белгісіз». Және де жекелеген руларды, оның тармақтарын ұсақ билер

басқаратынын жаза келе, олар халықта «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деген мәтелмен қалған Ангрэн өзені жағасында Күлтөбеге – Тәукенің тұрағы Ханабадқа жиналатынын, онда заң шығару, сот құру, «Жеті жарғы» құжаты туралы, әрі оның шешен билерге зор құқық бергенін айтады.

2 сұрақ: Бұл ұйымның беделінің артқаны сонша, тіпті Тәуке хан оның келісімінсіз, бекітуінсіз мемлекеттік маңызы бар шешім қабылдауға құқы болмаған. Қарадан шыққан әскери элита, елге билік айтқан шешендер мен көсемдер хан тірегіне айналды. Хандық билік жүйесі мен ақыл-күштің тетігі – батырлар мен билер билігіне осылай ұштасты. Бүкілқазақтық мәжіліс, бүкілқазақтық негізгі заң, үш жүздің бірлігі, ынтымағы осылай туындады, ұлттық сана халық көңіліне осылай ұялады. Ен далада сөз құдіреті – ел құдіретіне айналды. Мұхтар Әуезов айтып кеткендей, «тыныштық заманда қиюы қашып, арасы ашылған қарындасты табыстырып, қысылшаң заманда сасқан елге жол табатын, бет нұсқайтын, кемеңгер, көрегені болған» билер мен батырлар қазақ тарихында легион деуге тұрарлық.

Негізгі әдебиеттер: 2, 3, 4, 6, 7, 8, 12, 14, 16, 18

Қосымша әдебиеттер: 18, 19, 20, 21, 22, 23, 25, 28, 31, 32

№4 тақырып: ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ ДҮНИЕСІНДЕГІ ДАНАЛЫҚ ДИАЛЕКТИКАСЫ

Сұрақнама:

1. Тарихи тағылым
2. Әлеуметтік-саяси жағдай
3. «Жеті жарғының» өзіндік ролі

Дәріс тезистері:

1 сұрақ: Тәуке хан – қазақ халқының біртуар, данышпан қайраткерлерінің бірі. Хандық билік жүргізген аралықта бұрын бытыраңқы жағдайда жүріп, қайсы бір мемлекеттерге жем болған, ұлдарын құлдыққа, қыздарын күндікке ұшыратқан үш жүздің ел басыларын бір орталықтан басқарылатын мемлекеттіліктің астына топтастыра алды. Бұның, құқықтың негізін тәуелсіз қазақ елінің тұңғыш заңы, әрі негізгі Ата заңы болған Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қамтамасыз еткен. Абай бұл жөнінде былай дейді: «Бұл билік деген біздің қазақ тілінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа

жолын, Есім ханның ескі жолын», әз Тәуке ханның Күлтөбесінің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек».

2 сұрақ: *Ой* таразысына салар болсақ қашан да «Билер кеңесінде» қазылық арқылы дау-даумай, жанжал ғана емес, азаматтық, елдік, рулық мәні бар мәселелер кең көлемде шешіліп отырған. Демек қазылық өмірдің, күнделікті тіршіліктің қажеттігінен туындаған халқымыздың ұлттық табиғатына сай келген құбылыс. «Бас жарылса – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде» деп білетін қазақ қандай шаруаны болса да сабырмен көптің қатысуымен, игі жақсылардың төрелік етуімен, әділ қазылардың қазылық, билердің билік құруымен шешіп отырған. Әдет-ғұрып нормалары елдің жер-суын, қоныс-құдығын бөлуде, малының ен-таңбасын анықтауда, әртүрлі дау-жанжалды шешуде жоба-нұсқаға айналып, құн мен айып төлеудің жайы мен мөлшерін белгілеуді де ретке келтірген еді. Бітім, құн беру, келісімге келу, ағайыншылық жолдарымен талай күрделі мәселенің күрмеуі шешіліп отырған. Ал әдет-ғұрып құқығы дегеніміз – құқықтың әдеттер жинағы емес, ең бірінші ол қағидат, көзқарас, ой-түсінік жүйесі. Көзқарас, ой, ағым қазақ қоғамындағы іс-қимылдың негізі болатын.

3 сұрақ: Қазақ халқының ұлт болып қалыптасқандығының белгісі – өзіне тән заңдылықтарының болғандығы. Қазақтың әдет-ғұрыптық заң қалыптары мен этикалық қағидалары – ұзақ дәуірлердің ішінде жинақталған, жазылмаған заңға айналған жол-жоба. Олар құрылымы жағынан қарапайым және өз заманына ыңғайланып жасалып, бұрмаланбай орынығып отырған. Орындалуын ханнан бастап ру ақсақалдары, билер қадағалаған. «Жеті жарғы» заңы – көшпелі ел тұрмысына лайықты еді. Осы заңдарға сүйеніп қазақ билері қауым ішіндегі дау-жанжалдарды шешіп отырған. Көріп отырғанымыздай, «Жеті жарғыда» оны құрастырушылар қазақ қауымының ішкі мәселелеріне көбірек назар аударған сияқты. С.Созақбаев «Жеті жарғының» ішкі мазмұнын: «жер дауы, рулар арасындағы дау, ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету» деп салалайды. Неге десеніз әдет-ғұрып құқығы нормаларының тарихи аренадағы әуел бастағы тікелей мақсаты қауымдық қатынастарды тұтастай жүйелеп реттеу емес еді. Бұл мақсатқа олар бірте-бірте тарихи даму сатысының белгілі бір кезеңінде ие болды. Ал өз қалыптасуының алғашқы дәуірлерінде

олар әлдеқайда шағын әрі ықшам мәселелерді шешуге көңіл бөлді. Айталық, бұл кезеңдегі әдет-ғұрып құқығы нормалары, негізінен, дара дауды, нақты талас-тартысты және жеке жанжалды шешуге бағытталды.

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 6, 8, 10, 13, 14, 15, 16, 18

Қосымша әдебиеттер: 17, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 27, 29, 31

№5 тақырып: КӨШПЕЛІ ҚОҒАМДАҒЫ БИЛЕР СОТЫНЫҢ РОЛІ

Сұрақнама:

1. Қазақи дәстүрдегі билер соты
2. «Жеті жарғы» және ішкі саясат

Дәріс тезистері:

1 сұрақ: Сонымен «Жеті жарғы» – құқықтық мұра, әрі көшпелі қазақ өркениетінің, саяси-құқығының мәнін, мазмұнын ашуға арналған. «Жеті жарғы» негізінен жеті әдеттік құқық жүйеден тұратын бүкіл халықтың әдет-ғұрыпты, тәртіп-низамды реттейтін салалардың бірден-бір дала заң-жосығының жиынтығы. Бұл жеті жарлық мыналар еді: жер дауы, жесір дауы, құн дауы, бала тәрбиесі және неке, қылмыстық жауапкершілік, рулар арасындағы дау, ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Міне, осындай мәселелерді шешуде қазылық құру үлкен роль атқарған. Яғни ел мен елді, ауыл мен ауылды жақындастыра, бітістіре отырып, олардың арасында әділет орнату – қазылықтың негізгі міндеті, мазмұны болып табылады. Мінеки, халықтың осындай қарапайым тәжірибесінен қазылық, билік-төрелік қалыптасқан.

Қазылықтың жалпы қоғамдағы әлеуметтік-саяси идеялар тұрғысынан атқарған қызметі зор. Қазылық даналықтың нышаны ретінде адамдар арасындағы қарым-қатынас тұрақтылығын ретке келтіріп отыратын дәстүр, құрал. Қазылық дәстүрі – белгілі бір ортада, қоғамдық кеңістікте, қандай да бір оқиғаға байланысты әділ шешім жасауда терең ой, тапқыр сөзді қажет ететін, бір сөзбен айтқанда, халық қабылдап, мойындайтын даналықпен жасалған билік-кесімдер. Бұлай дейтін себебіміз заң жобасына енгізілген жазалардың өзі бірлікке, ынтымаққа бастап, ағайындардың қайыра бас қосуына әкеліп отырған. Мұндай жазаның тағы кісі өліміне әкеліп, араздықты одан әрі өршіткеннен гөрі ағайындарды татуластыра түскендігі, сайып

келгенде, ел арасындағы ынтымақ-бірлік ісін ушықтырмай, қайыра септеп, шыңдай түскені сөзсіз.

2 сұрақ: Кемеңгер, данагөй тұлғалардың, ақылман бабаларымыздың ұрпаққа қалдырған үлгі-өнегесінің, өсиет-ілімінің өміршеңдігі, ізгілігі де осында болса керек. Бір ғана мысал. Айттырған жеріне бармай, өзге жігітпен көңіл қосып кеткен бойжеткеннің төркіні алған қалың малын қайтарып қана қоймай, қосымша үш айып (біріншісі жамбы бастаған тоғыз, екіншісі ат бастаған тоғыз, үшіншісі түйе бастаған тоғыз) төлейтін болған. Әрине, бұл – өте ауыр айып, қиын айып. Бірақ бүтін елдің бүлінбеуін, тату ағайын арасының ірімеуін, шырық бұзар шабуыл, шандуылдың шықпауын түгендеген қатал ұйғарым. Сонысымен де құнды. «Билер кеңесі», «ақсақалдар мәжілісі», т.б. заң шығарушы органның қызметін атқарған. Билер дауды ақылға салып, бұрыннан келе жатқан, бүкіл халық қолдап-қуаттаған жол-жораларға сүйене отырып шешкен. Осы қалыптасу кезеңінде қазақ тайпалары мұсылман дінінде болғандықтан, бұл шешімдер Құран талаптарына қарама-қайшы болмай, қайта ондағы талап-тілектермен астарласып жатты. Афоризмдік сөздер, мақал-мәтелдердің көбейе түсуін осы билердің билік шешімі әсерінен десек ағат айтпаған болар едік. Мысалы, «алдыңа келсе, әкеңнің құны болса да кеш», «бір қойдан екі тері ірелмейді», «иілген басты қылыш кеспейді», «қысасқа қан, оқысқа құн», «әділ билік алтын таразы», «сорлаған қан, сойдақталған із», «қысқа жіп күрмелуге келмейді», «арадан шыққан жау жаман», «үй баласы болма, ел баласы бол», т.б.

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 13, 14, 16, 17, 19

Қосымша әдебиеттер: 17, 18, 21, 22, 24, 25, 27, 29, 31

№6 тақырып: ДАНАЛЫҚ ПЕН АДАМГЕРШІЛІКТІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Сұрақнама:

1. Даналықтың мән-мазмұны
2. Ел басқару жүйесіндегі адамгершіліктік қатынас мәселесі
3. Билік дәстүрінің өзіндік ерекшелігі

Дәріс тезистері:

1 сұрақ: Төле, Қазыбек, Әйтеке үшеуі Күлтөбенің басында ұзаққа созылған мәжіліс аяқталар соңында үш ауыз сөз айтатын

болып келіседі. Жолына қарай әуелгі сөзді алған Төле би былай депті:

Шешендіктен не пайда,
Артында сөзі қалмаса.
Батырлықтан не пайда,
Халқына қайраны болмаса.
Хандықтан тіпті пайда жоқ,
Қарашысын жалмаса.
Молдалықтан пайда жоқ.

Шариғатты өтірік айтып,
Надандарды алдаса, - деп тоқтапты. Төле биден кейін сөз алған Қазыбек би:

Үй жанында биік төбең болса,
Ол – ерттеулі аттан кем емес,
От басында білгір қартың болса,
Ол – жазылған хаттан кем емес.

Біз үш қазақ керіспейік,
Керіскен, асылы, бізге жөн емес, - депті. Екі биден соң сөйлеген Әйтеке би:

Жердің сәні – қаптаған жылқы мен қой,
Қыздың сәні – алқалап ұзатқан той.
Ауылдың сәні – аллалаған азан.
Бидің сәні – қайнаған қазан.
«Атаңа нәлет» деген ауыр сөз, Қазеке, –

Мылтықтың аузынан шыққан оқ.

Екі адам керіссе, оның арты шок.

Біз үш қазақ керіспейік, келісейік.

Егер керісе қойсақ бізге

Хандық түгіл ондық та жоқ, - дейді .

Бұл сөздер кейінгі ұрпаққа өсиет, бүкіл қазақ жұртына ұран болып қалған еді.

2 сұрақ: Халқымыздың тарихында шоқтығы биік тұлға – Төле би былай деген екен: «Жүзге бөлінгендердің жүзі қара, руға бөлінгендердің құруға асыққаны. Атаға бөлінгендер адыра қалады. Көпті қорлаған көмусіз қалады. Хан азса халқы сатады, халық азса хандыққа таласады». Қазақ даналары халықты ру-руға, жүз-жүзге бөлуді қостамаған, керісінше бүкіл халықтың бірлігін, ынтымағын көздеген.

Халқының дана билері билік жүргізу мен ел басқару, халық атынан шешім қабылдауда ақылды іскерлік пен асқан даналық танытуға шақырады, халқының ұлттық ерекшелігіне, мүддесіне сай саясат жүргізуде әділ болып, елі үшін қызмет қылуды талап етеді. Мемлекетті басқару ісіне тартылған адамдар – халық қызметшісі, сондықтан ел сенімін ақтау – олардың басты борышы болуы шарт.

3 сұрақ: Халқымыздың тарихында биліктің орыны ерекше болған. Себебі, билер халқының көкейіндегін айтатын, көмейіндегісін жарыққа шығаратын әділет жоқшысы болған-ды. Мәселен, А.Байтұрсынов өзінің «Тағы да народный сот хақында» атты мақаласында қазақтың дәстүрлі билік институтына халық соты деген анықтама бере келе былай дейді: «Народный сот дегеніміз қазақтың ғадетіндегі қағидалар бойынша айтылатұғын билік. Бұрынғы әділ билердің қолында билік қазақтың неше түрлі дертін жазатұғын жақсы дәрі еді... Қазақта қандай уақиғалар турасында қандай қағидалар бар – жиыстырып, кеш болса, толықтырып, ескірегі болса, жаңартып, ақсақалдар, яки народный судьялар сондай қағида қазақта барлығын куәландырып, тиісті орынға бекіттіріп, бастырып шығарса, билерге ол қазық болар еді...». Осыған ұқсас пікірді үш жыл өткен соң Ә.Бөкейханов та қайталап, қазақ қоғамына тән би мен билік дәстүрінің өзіндік ерекшеліктері барлығын, ендеше оны өзгертуге тырысудың мүлдем қажетсіздігін дәлелдейді.

Негізгі әдебиеттер: 1, 3, 6, 7, 9, 10, 12, 13, 14, 16, 17, 19

Қосымша әдебиеттер: 17, 18, 21, 22, 24, 25, 26, 28, 30, 32

№7 тақырып: ҚАЗАҚ БИЛЕРІНІҢ ДҮНИЕГЕ КӨЗҚАРАСЫНДАҒЫ ДАНАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сұрақнама:

1. Даналықтың тарихи-философиялық негізі
2. Далалық өркениет жағдайындағы рухани жалғастық
3. Қазақ билерінің дүниеге көзқарасы

Дәріс тезистері:

1 сұрақ: Тарихи тұлғалардың жан әлемі, дүниетанымы негізінде ұлттық сана мен рухты, ар-намысын, арман-мұратының ұлылық қуат-күдіретін көрсете білген, тәуелсіздік жолында жан

аямай еңбек еткен қадір-қасиетін танимыз. Соның ішінде Қазыбек бидің ой-толғамдары - тәуелсіз Қазақстанның егемендігінің рухани іргетасы іспеттес. Оның ой-толғамдарының түп-тамыры ең алдымен халқымыздың өр рухы мен көзсіз батырлығында жатқаны анық. Соның бір айғағы бабамыздың жас та болса тапқырлық таныта білген терең тебіреністі ойға түсіретін сөздерімен ел арасын табыстыратын мәмілегерлік деңгейде көрінуі еді. Асыл текті бидің ұлт рухын асқақтата көрсеткен тұсында барша қазақтың ең шоқтығы биік халық екендігін терең тебіреністі философиялық ой нақыштарымен сезіндіре де, көрсете де білуінің өзі бір керемет дүние еді. Бұл «Дауға барсаң - бірің бар, жауға барсаң - бәрің бар» деген қанатты сөздің жауластыруға әркім барса, екі елді жарастыруға, табыстыруға тек шешендік сөздің қадірін жете түсінетін, «ауыздыға сөз бермейтін, аяқтыға жол бермейтін» өте шешен, айтулы сөзге шебер адам болуы керектігін айғақтайды. Яғни тарихи ауқымдары зор тұлғаны дәуір туындатады, ол уақыттан озып, жаңа дәуірге жол салады деп әбден орынды айтылса керек.

2 сұрақ: Егер де Көне Грецияда және Римде шешендік өнері туралы еңбектер пайда болып, бұл қасиетті өнерді үйрену әрбір грек азаматының парызы ретінде қабылданып, сол мақсатта шешендікке баулитын ресми мектептер ашылса, дала қазақтарының өскен ортасы мен дүниетанымының өзі шешендіктің өзінше бір мектебі іспеттес болған. «Қазақ шешенінің сөз майталманы ретінде қалыптасуы, өнерін өсіріп, шеберліктерін шыңдауы арнаулы оқу орнында, шешендік өнер мектебінде, ұстаз алдында емес, сахаралық тұрмыс-салт жағдайында өткен. Арнаулы мектеп, үйретуден жалықпаған арнаулы ұстаз жоқ сайын даланың төсінен шыққан алуан шешендердің, билердің сөздері бүгінде қазақтың өзінде, өзімен өзектес басқа жұртты да таңдандырмай қоймайды».

3 сұрақ: Қазақ қауымының ойлау жүйесі көкжиегінің шексіздігі – қазақ дүниетанымының айнасы. Одан ұлттық философиялық ой-пікір мен дүниетанымы өрісінің өзіндік ерекшеліктерін, халықтық болмыс пен мәдени-рухани тектің бастауын танып білеміз. Бұл бастаудың көзі қасиетті туған жердің топырағымен тамырлас. Қазақ қауымының көкжиегін кеңейтуді көздеген, ғаламдық ойлау жүйесін терең игерген зиялыларымыз

өздерінің төлтума мәдениеттерімен халқымыздың рухани болмысын шындап отырса керек. Дана тұлғалар өздерінің көзқарасы, дүниетанымы, мақсат-мұраты, арман-тілегімен халқына, туған ортасына, ұрпағына ақылгөй данасы, тәлімгер ұстазы ретінде танылған. Әрі философиялық көзқарастарының дені адамгершілік мәселесімен қабысып жатыр. Тарихтың қай бетін парақтасаңыз да халық шығармашылығы әр қашанда биік тұғырдан көрінеді. Бұл ең ұлы байлық – адамзат жасаған ұлы рухани байлық екендігінің бірден бір дәлелі. Және де әрбір кезеңдегі ой-жүйесі өз дәуірінде айтылған философиялық ой-пікірлер ұлттық даналық данышпандықты жасады.

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 13, 15, 16, 18, 19

Қосымша әдебиеттер: 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 27, 29, 31

№8 тақырып: БИЛЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – ХАЛЫҚТЫҚ МҰРА

Сұрақнама:

1. Жалпы адамзаттық құндылықтарды нсихаттаушылар ретінде

2. Әдебиет, өнер, философия тарихында текті тұлғалар ретінде аңызға айналуы

Дәріс тезистері:

1 сұрақ: Қазақ халқының тарихында билер институтының маңызы өте зор болып келген. Себебі, билік өз кезегінде мемлекеттің саяси және әлеуметтік құрылымының ғұрыптық құқық негізінде жүзеге асырылуын қамтамасыз етуші, қоғамдық күштердің арасалмағын теңестіруші роль атқарған. Сөз кәдірін ертеден-ақ жоғары бағалаған елдің тәжірибесінде қалыптасқан қазылық пен билік-төрелік айту әдеті сөз бастаған би-шешендердің халық арасындағы беделін аспандатып, олардың уәжді сөзіне жаудан ықпаған батыр да, соңынан дүйім ел ерткен көсем де тоқтаған. Әділ де өрелі сөзге жеке адам ғана емес, бүкіл бір рудың тағдыры шешілген кезеңдер де болған.

2 сұрақ: Би мен билер сотының басты мақсаты қауымдағы келеңсіз жәйіттерді болдырмау, қылмыстың алдын алу, қылмыстыны жазалау, ел ішінде берік тәртіп орнатуға бағытталып, оны жүзеге асырушы – билер істің ақ-қарасын халық алдында жариялы түрде әділ де тура шешкен. Би болу тумысынан

талантты, ел-жұртының тек заңгері ғана емес, тірі шежірешісі, ақылгөйшісі, жырауы да болуды талап етті. Қазақтың мақал-мәтел, афоризмдік сөздерінің көптігі осы билердің арқасы.

Халықта «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген қанатты сөз бар. Мұның өзі биге жүгіну салтының тарихы тым әріде жатқанын көрсетеді. Майқы би дәстүрінің мұрагерлері – Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер. Олардың топты жарып, таразы басын тең ұстап, «ауыл арасындағы алты ауыз даудан, хан алдындағы қырық мәселеге» дейін таразылаған бітімдері, әділ биліктерінің үлгілері мен үрдістері әлі де ұмытылған жоқ. Олар билік айтқан қазақтың сұңғыла билері. Әрі билік пирамидасында халықтық, батырлық, әділеттілік арналарын тоғыстырушылар болып табылады.

Негізгі әдебиеттер: 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 17, 18

Қосымша әдебиеттер: 17, 18, 20, 21, 22, 24, 25, 27, 28, 30, 32

№9 тақырып: ҚАЗЫБЕК БИДІҢ БИЛІК ЖОЛЫ

Сұрақнама:

1. Қазыбек би – жеке тұлға ретінде
2. Ұлт ұғымы - ұланымен ұлы
3. Халық данышпанының арманы

Дәріс тезистері:

1 сұрақ: Халқымызда «Елдестіркем - елшіден, жауластырмақ – жаушыдан» деген мақал елдің ері, егеудің сынығы түсетін сын елшілік екенінің дәлелі. Бөтен, жат елге елшілікті бастау, әрі оның құрамында болу немесе ұлт пен ұлт арасындағы дауға, аманатқа түсу кез келген қазақтың маңдайына жазыла бермейді. Халқымызда сыртқы немесе ішкі саясатта болсын, туған жер тағдырына қатысты мәселеге, ортақ келісімге келуде болсын – «ең қажетті қару - шешеннің тілі». Сонымен бірге, қаһармандық пен қайраткерлік, білгірлік пен біліктілік, тапқырлық пен дарындылық сияқты телегей теңіз табиғи рухани қасиеттер қатар жүрген. Мұндай табиғи дарындылық, әсіресе, елді, жерді қорғауда елшіге артылған зор міндетті ақтауда рухани қажеттілік. Бабамыз халқының өзіне жүктеген сенімін, үмітін жат елде елдік намыс пен ұлтжандылық туын асқақтата көтеріп ақтай білді. Он төрт жасар Қазыбектің қалмақ ханына келіп, елшілік сәтсіз аяқталып, жаппай масқараланып, құр қол қайту қаупі төнген сәтте

жас бозбала шағындағы Бабамызға Цицерон айтқан «ақыл-ойды жарқылдатып жіберетін шұғыла – шешендік» найза мен семсерден әрман көмекке келіп, шешен тілмен айтылған төкпе нөсердей өткір сөздер екпіні қаһарлы ханның мысын басып, Қаз дауысты Қазыбек атанған Бабамызды кесек пішімді жеңіске жеткізген еді.

2 сұрақ: «Болашақ Қаз дауысты Қазыбек бидің Абылай хан аттандырған елшілер тобына атқосшы боп еріп барғанда Жоңғар Қоңтайшысы алдында именбей сөз алып, еркін көсіле сөйлеп озбыр ханды ойлылығымен, өткірлігімен, тарихи шыншылдығымен буып тастауы: «Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз!»-деп бастап, бүкіл елдің тәуелсіздігін табандылықпен қорғау жолындағы қаһармандық рухын және бейбітшіл ниетін асқан шешендікпен бейнелеп айта білу - ұлтжандылықтың гимніндей!»-деп жазады М.Әлімбаев. Мұндай елдіктің сөзін айтқызған Қазыбектің табиғи таланты, Тәңір көкірегіне нұрдай туа бітті біліктілік, көреген, сәуегей санасы, қаршадайынан бойына сіңіре бастаған ата дәстүр, ұлттық тағылым!». Сонымен жас Қазыбектің Қазақ жайлы аталы, азулы тарихи сөзін айтып, жасауылы самсап, сайланып тұрған ханға: «- берсең жөндеп бітімді айт, ия тұрысатын жеріңді айт!»-деп жекіре сөйлеуі, жүрегінің түгі бар деген батырлардың мыңнан бірінің қолынан ғана келетін іс.

3 сұрақ: Бабамыздың елшілікке барып, қандастарын құтқаруда шешендігі, ойының терең де кеменгерлігімен көрінуі, әрі сонда айтылған ұрпақтар жадында сақталған от жалынды сөздерде сол кездегі Еуропа мен Америка ойшылдарына тән, адамның табиғи бостандығы туралы терең астарлы мағыналы ойлармен ұштасқан бірлестіктің өзара үндестігін байқауға болады. Бұны сол кездегі өмір сүрген дүниежүзі ойшылдарының заман ағымына, өзіндік даму ерекшелігіне қатысты айтқан ойлары мен пікірлері айғақтайды. Соның бірі 1776 жылы американдық Т.Джефферсон АҚШ-тың «Тәуелсіздік декларациясында» бостандықтың осы табиғи құқығын мынадай сөздермен өрнектейді: «Біз адамдардың барлығы бірдей болып жаралғандығын, тәңірі оларға белгілі ажырамас құқық, оның ішінде өмір сүруге, бостандыққа және бақытқа ұмтылу құқығын бергендігі өзінен-өзі анық, ақиқат деп есептейміз». Бұл жерде біз

көшпелі дала халқының ойшылы еуропаның қоғамдық, саяси, мәдени ой деңгейіне көтерілуінің түп негізін халықтық дәстүрден, сол дәуірдің өзіндік ерекшелігінен тани аламыз. Демек, өз кезегінде бабамызды XVII-XVIII ғғ. еуропалық қоғамдық-саяси, мәдени ой деңгейіне көтерілген саяси ойшыл ретінде салыстырмалы тұрғыдан көз жеткізуімізге болады.

Негізгі әдебиеттер: 2, 3, 4, 6, 7, 8, 12, 13, 14, 16, 18

Қосымша әдебиеттер: 19, 20, 21, 24, 25, 28, 29, 30, 32

№10 тақырып: ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ДАНАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Сұрақнама:

1. «Ер – елдің баласы»

2. Қазақ сөз өнерінің құдіреті хақында

Дәріс тезистері:

1 сұрақ: Бала кезінде-ақ күші-құдіреті көп төмен бола тұра Қоңтажы мен Барақтай адамдарға өкім айтып, билігін жүргізген әр сөзі, әр толғауы Қазыбектің аса аруақты, барынша ықпалды, ерекше өмірлі екенін байқатқандай болады. Әр сөзінен оны айтқан адамның жүзінде жай оғындай өткір жарқыл есетінін, қарсыластың ішкі-сыртқы сезіміне күшті әсер етерлік қаһарлы қабілет, қапысыз танылып тұрғандай болады.

Міне, бала Қазыбектің ел ішіндегі биліктен өресі асып, ел мен елді табыстыратын мәмілегерлік деңгейінде көрінуі осы алғашқы елшіліктен кейін болса керек. Елшілікте айтылған толғауының философиялық маңызы зор демекпіз. Данышпан қария сыншының бала Қазыбекті ханға сипаттап жеткізуінің өзінде үлкен мән бар, қиял-ғажайып қасиеттілік аңыз желісімен астасып жатыр. Әрине, аңыздың аты аңыз. Оның айтарынан аңғартары мол болатыны аян. Халықтың қиялы мен тарихтың шындығын ажыратып, қиял ішіндегі шындықты саралап тани білу қажет. Себебі қиялдың өзі халықтың рухани тарихының бір арнасы. Әр қашанда аңыз тарихи шындықтан ауылын тым алыс салмайды. Кейде асыра, кейде жасыра бейнелегенімен түп негізін ойдан шығармай, әйтеуір болған оқиғаны баяндайды. Осы жерде айта кететін бір жай, негізінен аңыз әңгімелер - тарихи айғақтар мен дереккөздердің ауызекі жолмен дамып, ел есінде сақталған үлгілерінің санатына қосылады. Оның арқауы көптеген тарихи

оқиғалардың ел есінде сақталған сипаттары ғана жинақталады. Жалпы алғанда, тарихты жан-жақты тануда құжаттар мен зерттеулерге қоса ел арасында ауызша тарап, кейін қағазға түскен әңгіме үлгілері де өз үлесін қосады.

2 *сұрақ:* Салыстырмалы деректану әдісі негізінде сарапталған фольклорлық мәліметтер бұл бағыттағы таным аясын толықтыра түседі. Кезінде Е.Бекмаханұлы да өз зерттеулерінде осы мәселеге көңіл аударып, жыр-аңыздарды тарихи деректермен салыстыра отырып, тиімді пайдалану қажеттігіне назар аударған еді. Себебі өзара салыстыру барысында жазба деректер мен ел аузында сақталған ауызекі мәліметтердің бір-біріне сай келе бермеуін, немесе кей жерін тым әсерлеп көрсету сияқты т.б. жағдайлар фольклорға тән заңды құбылыс ретінде тани отырып, еліміздің тарихын зерттеуде мол мағлұмат көзі болып табылатын халық ауыз әдебиеті үлгілерін тиімді пайдалану маңыздылығына назар аударған жөн. Қазақтың ұлы ғалымы Ш.Уәлиханов ауыз әдебиетін тек көркемдік әлемі ғана емес, халық тарихын түсінудің де сенімді құралы деп қараған. Демек аңыздар - халық тарихы мен таным түсінігінен мол хабар беретін халықтық мұра. Қорыта келгенде байқағанымыз, аңыздар белгілі бір оқиғаға негізделеді, бірақ сол оқиғаны фольклорлық дәстүрлі үлгілермен көркемдеп, өзгертіп, жаңадан мазмұн енгізіп өрнектейді. Тарихи тұлғалар мен атақты батырлардың өмірін, іс-әрекетін аса дәріптеп көрсететін этикалық шығармалар секілді аңыздар кейіпкер бейнесін сомдауда романтикалық дәріптеу, күрделі көркем жинақтауды кеңінен қолданады. Бұл жөнінде С.Қасқабасов былай деп жазады: «Аңызда айтылатын хабар, оқиға еш күмән туғызбайды, өйткені оның түп негізі – тарихи шындық. Бұл біріншіден. Екіншіден, аңыздың мазмұнын растайтын дерек ретінде жердің аты, белгілі қайраткерлердің есімі, я болмаса жыл мезгілі аталып отырады. Үшіншіден, аңыздың айтылу мәнері тұрақтанған, ол ылғи үшінші жақтан және өткен шақта баяндалады. Аңыздың түпкі мазмұны өмірдің танылған бір фактісі болып келеді». Бұл Қаз дауысты Қазыбек би туралы аңыз әңгімелерге де қатысты.

Негізгі әдебиеттер: 2, 3, 4, 6, 7, 8, 12, 13, 14, 16, 18

Қосымша әдебиеттер: 19, 20, 21, 24, 25, 28, 29, 30, 32

№11 тақырып: ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ БИ-ШЕШЕНДЕРДІҢ ӨЗІНДІК ОРЫНЫ

Сұрақнама:

1. Ұрпақ аралық байланыс
2. Би-шешендердің қазақ философия тарихындағы ролі

Дәріс тезистері:

1 сұрақ: Сынды сәттерде халқына оң жол сілтеген, «сырлы асыл сөздің иесі» атанған, әділдігі мен адалдығы арқасында, ел намысын, мүддесін жоғары ұстаған, табиғи дарын даралығы, заманының озық ойлы тұлғалары ретінде Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің орындары ерекше. Олар дала өркениетінің ерекше демократиялық дәстүрлері арнасында саяси, мәдени тұғырға көтерілен көсемдер еді. Бұл қазақ халқында XVII-XVIII ғғ. қоғамдық қатынастардың өзіндік демократиялық сипаты, жүйесі болғандығын көрсетеді. Себебі қазылық, билік, шешендік дәстүрлерінің дамып, жетілуі бостандық пен теңдікке, бірлік пен ұйымшылдыққа, жалпы алғанда қоғамдық өмірдің демократиялық формаларына негізделгенімен айқын көрінісін тапқан. Билердің даналық мұраларын зерттей отырып, сол уақыттағы қазақ қоғамының саяси, экономикалық, құқықтық, мәдени-тарихи жағдайларынан, өз кезеңіне сай қол жеткізен жетістіктерінен мағлұматтар, деректер алуға болады.

2 сұрақ: Міне, осы мұраларды терең астарлы, санқырлы құбылыс ретінде философиялық деңгейде саралау - дала даналығының болмысын аңғартады. Бұл өз кезегінде қазақ философиясының тұтастығы мен сабақтастығын айқындайды. Философиялық идеяларға толы мазмұны терең қазылық, билік, шешендік сөздерінен даналықтың диалектикалық ой-толғау желісін, логикалық жолмен жүйеленген ой өрісін көреміз.

Негізгі әдебиеттер: 2, 3, 4, 6, 7, 8, 12, 13, 14, 16, 18

Қосымша әдебиеттер: 19, 20, 21, 24, 25, 28, 29, 30, 32

2.3 Семинарлық сабақтар жоспары

Семинар сабақтары бойынша тапсырмаларды орындауға арналған әдістемелік ұсыныстар

Тапсырмаларды орындауы үшін студенттер дәріс сабағы көлемінде және семинар сабағына өзіндік дайындық негізінде теоретикалық курсты жақсы меңгеруі міндетті. Сондай-ақ ұлттық

мәдениеттің қалыптасу және дамуы алғы шарттарына қатысты мәселелерді білуі қажет. Жазбаша жұмысты дайындауда нақты зерттеуді жоспарлау, оқытушының ұсыныстарын ескеру, сонымен бірге алғашқы түпнұсқалармен әрі зерттеушілердің ғылыми еңбектерімен тікелей жұмыс жасай отырып, өзінің байқаған мәселелерін көрсетуі керек.

1 тақырып: **КІРІСПЕ**

Сұрақнама:

1. Қазыбек би философиясының пәні мен мақсаты

2. Өркениеттер арасындағы өзіндік дербестіктің айғағы ретінде

Тапсырмалар: Қазыбек би философиясы пәнінің негізгі мән-мазмұнын ашу.

Әдістемелік нұсқаулар: Кез келген ұлттың философиялық ойының өмір сүру формаларын, оның философиялық ойының тарихи кезеңдерінен көре аламыз. Қазақ халқының даналық ойының дамуы біртұтас қалыпта көрініс береді. Себебі қазақ халқында философиялық ой шешендік сөздер, нақыл сөз, мақал-мәтел, аңыз-әңгімелер, поэзия арқылы беріледі. Көркем сөз зергерлері өмір құбылыстарын, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды дүниетанымы негізінде халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, рухани өмірімен, арман-мүддесімен таныстыра білген. Бұлардың дені қоғамға, дүниеге, табиғат құбылыстарына, адам өміріне белгілі бір маңызды оқиғаға немесе өз басына деген көзқарасын білдіретін философиялық ой толғаныстар, даналық ой тұжырымдар болып келеді.

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 6, 8, 10, 12, 13, 15, 17, 19

Қосымша әдебиеттер: 17, 19, 20, 22, 24, 25, 30, 32

2 тақырып: **ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ**

Сұрақнама:

1. Ұлттық дүниетаным

2. Қазақ даласындағы даналық

Тапсырмалар: XVII-XVIII ғғ. Қазақстан тарихына шолу жасау.

Әдістемелік нұсқаулар: «Тарих өткен өмірді әңгіме еткенімен бүгінге және болашаққа қызмет етеді». Халық жадында

сақталған асыл қазыналар, жасырын сырлар енді-енді ел игілігіне айналуға. Халқымыздың тарихы, түптеп келгенде, ел болу жолындағы күресінің тарихы. «...Қазақ тарих сынынан өткен халық... Қазақ елінің шалқайса тарих шыңы бар, еңкейсе иен елі бар. Қиянға шықса қасқая қарап тұрар сайын қыран ері бар, ұлан байтақ қойны қазына жері бар» деп М.Қозыбаев айтқандай, XVII-XVIII ғғ. өмір сүріп, ел тізгінін қолға алып, ұрпағына алымды да шалымды да сөз үлгісінің үрдісін салып берген, даналықтың, дарындылықтың ұранына айналған атақты үш биіміз - Төле, Қазыбек, Әйтекелер осындай тұлғалар еді. Бұл уақыт Қазақ хандығының түгелдей қалыптасып бекуімен қатар, сыртқы жаулардың жойқын шабуылдарының да мейлінше асқынып, тағдырының сынға түскен ауыр кезеңдерінде халқының рухын көтеріп, күш беруде ту ұстаған көсемге, сөз ұстаған шешеннің бағыт беріп, бағдар көрсетіп, тіл өнерінің ерекше мәнге ие болған кезеңі еді. Әр адам алдымен өзі ғұмыр кешіп жатқан уақытының жұрағаты демекші, дала данышпандарының осы кезеңдегі ерен еңбектеріне баға беруде сол уақыттағы тарихи оқиғаларға шолу жасаңыздар.

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 3, 5, 7, 10, 12, 15, 16, 17, 19

Қосымша әдебиеттер: 17, 18, 21, 22, 25, 28, 29, 30, 31, 32

3 тақырып: **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ РУХАНИ МҰРАСЫ**

Сұрақнама:

1. Халықтық философияның мазмұны
2. Адам және қоғам

Тапсырмалар: Халық ауызекі шығармашылығы дәстүрлеріне және өзіндік ерекшелігіне шолу.

Әдістемелік нұсқаулар: Ұлттық шешендік өнердің басты ерекшелігі жүйелі ой-түсінік пен оны көпшілікке көсем тілмен жеткізе білу болып табылады. Өзінің «Қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері» атты еңбегінде Қ.Ш.Бейсенов қазақтың би-шешендерін аты-шулы гректік-римдік риторлармен салыстыра отырып былай дейді: «Ал «дала Демосфендері» ше? Олардың негізгі сыналатын жері билер айтысы. Ондай айтысқа шешеннің дәлділі, жүйріктің жүйрігі түседі. Мұндай жерде шоқтығы биік шешені халық даналығын,

мақал-мәтелдерді, қанатты, шешендік сөздерді бойына мықтап сіңірген, оларды ұтымды пайдаланудың ұрымтал тұстарын жіті пайымдайтын, табиғатынан шешендік өнер қонған талант иесі болуға тиіс. Мұндайда жазбаша дайындалу туралы сөз болуы да мүмкін емес. Себебі, шешен сауатты болса да, алдын-ала бірді-екілі сөз саптау бағдарларын жіктеп алатын да шығар. Бірақ онысымен кез келген кездейсоқ сақтықтан қапысыз бола алмайды. Өйткені, қарсыласының қапелімде қандай уәжді «қойып қалатынын» алдын ала білмейді...»

Негізгі әдебиеттер: 2, 3, 4, 6, 7, 8, 12, 14, 16, 18, 19

Қосымша әдебиеттер: 18, 19, 20, 21, 22, 23, 25, 28, 30, 32

4 тақырып: **ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ ДҮНИЕСІНДЕГІ ДАНАЛЫҚ ДИАЛЕКТИКАСЫ**

Сұрақнама:

1. Саяси, тарихи және әлеуметтік факторлар
2. Дана билер қызметі
3. Үш тұлғаның билік айту жолдары

Тапсырмалар: XVII-XVIII ғғ. Қазақ ойшылдарының дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен саяси, тарихи және әлеуметтік факторларға шолу.

Әдістемелік нұсқаулар: Адамзат тарихында өз орыны, өзіндік қадір-қасиеті бар көшпелілер әлемі дүниеге әкелген мәдени, тарихи мұралар қаншама. М.Әуезов айтқандай «бірақ сол асылдардың асылы – адам баласының рухы мен ақыл-ойын барша ұрпаққа паш еткен ескірімес, өлмес өшпес» бұл – шешендік дәстүр. Бұл да өз кезегінде қазақ халқының тыныс-тіршілігіне даулы мәселелерді реттейтін ежелгі әдет заңын бейнелейді. Әрі мұндай шешендік дәстүрдің келер ұрпаққа берер тағлымдық ғибраты зор. Себебі, ру мен ру, туғандар арасындағы келіспеушілік мәселелерді «ағайынның қазылығымен, жол-жоба білетін өмірлік тәжірибесі мол адамдарға жүгінумен» шешілген. Міне, қазақ халқының осындай қарапайым тәжірибесінен қазылық, билік-төрелік айту дәстүрі қалыптасқан. «Өнер алды – қызыл тіл. Қызыл тілін безеніп, шешен жігіт дауда ойнар», «Қас шешеннің белгісі – топтан торай шалдырмас» деп Шекті Мөңке би айтқандай.

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 6, 8, 10, 13, 14, 15, 16, 19
Қосымша әдебиеттер: 17, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 27, 29, 31

5 тақырып: **КӨШПЕЛІ ҚОҒАМДАҒЫ БИЛЕР
СОТЫНЫҢ РОЛІ**

Сұрақнама:

1. «Жеті жарғының» өзіндік ролі
2. Көшпелі дәстүрдегі заңдылық

Тапсырмалар: Дәстүрлі қоғамға негізделген далалық заң жинағы «Жеті жарғының» мәнін ашып, талдау.

Әдістемелік нұсқаулар: «Жеті жарғының» негізгі талаптарының бірі – жасаған қылмыстың әрекетіне сай жаза тарту, кек алу. Бірақ өзінен бұрынғы жарлықтардан бір өзгешелігі – қатал кесім, қанды өлімге тыйым салынғандығы. Ендігі жерде «қанға – қан, жанға – жан» дейтін тоқтам-байлам барынша жеңілдендірілді, қолданылуы өте шектеулі болды. Осы мәселеде көшпелі салт-дәстүрге сүйеніңіздер.

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 13, 14, 16, 17, 19

Қосымша әдебиеттер: 17, 18, 21, 22, 24, 25, 27, 29, 30, 32

6 тақырып: **ДАНАЛЫҚ ПЕН АДАМГЕРШЛІКТІҢ
ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ**

Сұрақнама:

1. Гуманистік және этикалық мазмұн
2. Мораль заңының қадірленуі
3. Қазақ рухани дүниесі

Тапсырмалар: Қазақ ойшылдары шығармашылығына ден қоя отырып, адамзаттық құндылықтар мәселесіне терең бойлау.

Әдістемелік нұсқаулар: Би атағын үлкен дайындығы бар, өмірлік тәжірибесі мол, құқықтық мәселелерді жете меңгерген беделді, философиялық ой-түсінігі мен парасат-пайымына байланысты терең ойлы шешен адамдар ғана иеленген. Сондықтан да әдетте бұндай билердің «айтты – болды, кесті – үзілді» принципімен жүргізілген билігіне, кесім-бітімдеріне жұртшылық та, дауласушы жақтар да олардың дегеніне, шешімдеріне мойынсұнып отырған. Бұл да бір өзінше елдік дамудың өзі қалыптастырған билік, қазылық, шешендік дәстүрлерінің даналықпен жасалған табиғи нышандары болып

табылады. Билердің қандай да бір оқиғаға қатысты іс бойынша билік-шешімі дауласушы екі жақтың талаптарына сай келіп отырса керек. Бұл жерде көңіл аударарлық мәселе – жасалған билік, үкім-кесімге даугер де, айыпкер де риза болуы. Яғни билік, қазылықтың негізгі мақсаты – халқының тыныштығын сақтау, ел ішіндегі қарым-қатынасты реттеу. Қылмыстарды жазалап қана қоймай, қылмыстың алдын алуға, ел тыныштығын орнатуға негізделген.

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 13, 14, 16, 17, 19

Қосымша әдебиеттер: 17, 18, 21, 22, 24, 25, 27, 29, 30, 32

7тақырып: **ҚАЗАҚ БИЛЕРІНІҢ ДҮНИЕГЕ
КӨЗҚАРАСЫНДАҒЫ ДАНАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ-
ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Сұрақнама:

1. Даналық дарын, талант табиғаты – рухани болмыс, философиялық ой-түйсік, дүниетаным тереңдігі айғағы

2. Ойлау әдісінің метафоралығы

3. Дана, дананы да туған ана

Тапсырмалар: Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билердің көзқарастарында ерекше орын алған мәселе қазақ мемлекеттілігінде билік жүргізу, әділетті басқару және әділсот болды, осыған қатысты түсініктерді ортаға салу.

Әдістемелік нұсқаулар: Билікке қатысты айтылған сөз жарысының мағынасы – кең де, терең, мәнділігімен құнды. Елдің бірлігін қалыптастыруда, үш ұлыстың қарым-қатынасын, ара-қатынасын әділет жолмен, туысқандық, ынтымақ жолмен дамытуда және нығайтуда халқының рухани көсемдері болған Төле, Қазыбек, Әйтеке билер тек ақыл білігімен емес «жол-жоралғыға лайық бола білген». Халқының тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып, салт-санаға негізделген саяси-құқықтық жүйені, жалпы ел тағдырына қатысты істерді қарастыруда әділеттігімен аты шығып, турашылдығымен жұрт көңілінен шыққан дала данышпандарының мұраты да, мақсаты да бір болды

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 13, 14, 16, 17, 19

Қосымша әдебиеттер: 17, 18, 21, 22, 24, 25, 27, 29, 30, 32

8 тақырып: **БИЛЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – ХАЛЫҚТЫҚ МҰРА**

Сұрақнама:

1. Даналықтың төркіні –халық, ұстазы –аға буын, көзі – ұлттық салт-сана, әдет-ғұрып

2. Жеке даралық пен жалпылықтың қатынасы

Тапсырмалар: Аңыз әңгімелер мазмұнына сүйене отырып, өмір тәжірибесін бір қорытындыға келтіру сарындарына, ой-зердесінен туған байлам-тұжырымдарға талдау жасау.

Әдістемелік нұсқаулар: Сонымен, қазақ топырағындағы билердің барлығы дерлік осынау сыннан өткен ерекше талант иелері мен дана, ақылгөй адамдар. Қазақ билерін, яғни ата-бабамыз тарихындағы билер дәстүрін түбегейлі зерттеген әйгілі ғалым және қоғам қайраткері Ш.Уәлиханов әрбір биді және халық өміріндегі олардың орнын Батыс Европадағы ұлы адамдар Шекспир, Гете және басқалармен қатар қойып бағалаған. Бұның барлығы Қазақ мемлекетіндегі билердің орнын, би институтының ғасырлар бойғы қалыптасқан үлкен дәстүр екендігінің айғағы. Сайып келгенде, бұл рухани қазыналардың барлығы халық даналығының жемісі.

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 13, 14, 16, 17, 19

Қосымша әдебиеттер: 17, 18, 21, 22, 24, 25, 27, 29, 30, 32

9 тақырып: **ҚАЗЫБЕК БИДІҢ БИЛІК ЖОЛЫ**

Сұрақнама:

1. Өмір жолы

2. Өмір тәжірибесі

3. Бабамыздың даналық көзқарасының философиялық маңызы

Тапсырмалар: Қазыбек Келдібекұлының өмірбаянымен танысып, талдау жасау.

Әдістемелік нұсқаулар: Қазыбек бабамыз өмірге келгенде анасының: «айналып, толғанып өсірсем, ақсүтімді кешірсем, адалдан болар кәсібің, тіліңнен болар нәсібің» деген екен. Тоқмейіл анамыздың бұл сөзінен сол кездің өзінде-ақ бабамыздың болашақ тағдырын сәуегейлікпен алыстан болжаған көріпкелдік қасиетіне қайран қалмасқа болмайды. Қазақтың аталы сөзімен айтқанда: «Дана, дананы да туған ана», халық

айтса, қалт айтпайды. Дананы мәпелеп өсірген аналар да дана ғой. Дана бабаларымыз «алып анадан туады» деген нақыл сөзді қалдырған екен. Анасы ел намысын, үйемен қамын ойлайтын өнегелі ұлды өмірге әкелді. Өмір беріп, өнеге көрсеткен әке, ақсүтін беріп әлпештеп өсірген ана сенімін ақтау – әр адамның адамгершілік деңгейінің өлшемі саналады. Және де ата-ана арқылы берілетін сана-сезім, әдет-ғұрып өз ұлысына, ұлтына тән сана мен намыс, еліне, жеріне деген рухани қасиетінің түпқазығы негізінде қалыптасады. Ата-ана мен бала мақсат сабақтастығы осылайша түзеледі. Бала «ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі». Ұяда көрген тәрбие әр қашанда бала сезіміне өмірлік із қалдырады.

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 13, 14, 16, 17, 19

Қосымша әдебиеттер: 17, 18, 21, 22, 24, 25, 27, 29, 30, 32

10 тақырып: ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ДАНАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Сұрақнама:

1. Ұлағатты ойдың өнегелі өресі
2. Ұлттық танымның бастау көзі ретіндегі рухани әлем
3. Адам және мәдениет

Тапсырмалар: Мәдениет – бұл адам баласының жан-дүниесінің түбінде жатқан болмыстық қасиетінің бастамасы ретіндегі ролін саралау.

Әдістемелік нұсқаулар: Адамзат баласының бойына бітетін небір қасиеттер ең алдымен жеке тұлға - адам арқылы, соның рухани қасиеті, ішкі жан-дүниесі арқылы оның мәдениет деңгейін көрсетеді. Демек, адам мен мәдениет өзара тығыз байланыста дамып, жетіледі. Әр кез мәдениет адамның рухани болмысы ретінде көрінетіндіктен, адам өз кезегінде мәдениеттің қайнар көзі іспеттес. Мәдениет адамзат баласының рухани қалыптасу, жетілу тарихы негізінде оларды өзара бір-бірінен ажырата қарастыруға болмайды. Жеке адамның даралығы, тұлғалығы оның бойына біткен қабілетіне байланысты анықталады. Адамның рухани болмысы, яғни мәдениетінің жетілуі адам өмірінің мәні болып табылады.

Адамның адамшылығын, азаматтығын, болмыстығын оның рухани шығармашылығынан, іс-әрекетінен, бір сөзбен айтқанда

мәдениетінен көреміз. Яғни адам болмысын оның мәдениеттілігінен, шығармашылық мүмкіндіктерінен, өнерінен, т.б. ерекше қабілеттерінен танып білуге болады.

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 13, 14, 16, 17, 19

Қосымша әдебиеттер: 17, 18, 21, 22, 24, 25, 27, 29, 30, 32

11 тақырып: **ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ БИ-ШЕШЕНДЕРДІҢ ӨЗІНДІК ОРЫНЫ**

Сұрақнама:

1. «Өнердің өмірді бейнелеу принциптері»

2. Дүниені түйсіне білу қатынасы

Тапсырмалар: Қазақ танымдық қасиетіне тән өзіндік ойлау жүйесінің ерекшеліктеріне тоқталу, тұжырымдама жасау.

Әдістемелік нұсқаулар: Дүниені түйсіне білу қатынасы қашан да уақыт, дәуір тынысы арқылы айқындалады. Табиғаттағы әр қилы әлеуметтік мәселелерде жеке тұлға заман талабынан ешқашан бейтарап қала алмайды, олардың шығармаларынан әрқашан да әлеуметтік, философиялық дәуір сарынын көреміз. Себебі адам әрқашан да бірегей заңдылық бойынша дамиды. Бұл орайда айтпағымыз, аумалы-төкпелі күрделі де қилы заманда ғұмыр кешкен, рухани таза болмысымен, даналығымен батырлық, шешендік өнердің шыңына көтерілген ақыл-ой алыптары - Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің жер тағдыры, ел тағдыры үшін жасаған қызметтері, сіңірген еңбектері. Осындай ата-бабаларымыздың өнегесін жалғастырушы тарихи-мәдени ұрпақтар сабақтастығы, сайып келгенде, біздің ұлттық мәдениетіміздің, баянды болашағын айқындауға барынша себін тигізері анық. Себебі әр халықтың дәстүрлі дүниетанымдық көзқарасына терең үнілу арқылы ғана сол халықтың талғам деңгейінің тереңдігін тануға болады.

Логикалық таным жүйесі олардың өмір тәжірибесінің қорытқан өзіндік ой түйіндеу ерекшелігі өрісінен көрінеді. Сонымен бірге ойдың логикалық дара мәнділік сипатын даналардың ой толғамдарындағы диалектикалық толассыз тіршілік мазмұнынан тани аламыз. Бұған Гегельдің кез келген толғамда диалектика элементі болады деген сөзі дәлел болып табылады.

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 13, 14, 16, 17, 19

Қосымша әдебиеттер: 17, 18, 21, 22, 24, 25, 27, 29, 30, 32

2.4 Лабораториялық сабақтар жоспары

Оқу жұмыс жоспары бойынша қарастырылмаған

2.5 Оқытушының жетекшілігімен орындалатын студенттердің өзіндік жұмыстары бойынша өткізілетін сабақтардың жоспары:

СООЖ түрлері:

1. Тараулар бойынша теоретикалық материалдарды қайтадан қарастырып толықтыру.

2. Көрсетілген тақырыптар бойынша семинар сабақтарға дайындық жасау.

3. Бақылау жұмыстарына силабуста берілген кестелер бойынша дайындалу.

4. Қорытынды тестілеуге дайындық жасау.

5. Оқытушының берілетін қосымша сабақтарына қатысу және қабылдау.

СООЖ көлеміндегі әдістемелік нұсқаулар:

СООЖ көлеміндегі тапсырмаларды орындау студенттер ғылыми зерттеудің негізгі әдістерін білуі, ғылыми жұмысты жоспарлауды меңгеруі тиіс; ғылыми-анықтамаларды, зерттеушілердің ой-тұжырымдарын жан-жақты әрі тереңінен өңдеу. Ол үшін студент курс бағдарламасына сәйкес келетін барлық тақырыптарды оқуға міндетті.

1. СООЖ тақырыбы: ДАНА СӨЗДЕРДІҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ, ТЕМІРҚАЗЫҒЫ - АДАМТАНУ

Тапсырма:

1. Қазыбек би философиясы пәні және мақсаты, оқу үрдісіндегі өзіндік ерекшелігін, алатын орнын, ролін саралап, талдау жасаңыз.

2. Пункт 2.6.1 реферат: 6

Ұсынылатын әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 6, 8, 10, 12, 13, 17, 19, 20, 22, 24, 25, 30

2. СООЖ тақырыбы: ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ

Тапсырма:

1. Қазақстан Республикасының тарихына шолу жасаңыздар.
2. Пункт 2.6.1 реферат: 9, 11

Ұсынылатын әдебиеттер: 1, 2, 3, 5, 7, 10, 12, 15, 16, 17, 18, 21, 22, 25, 28, 29, 30, 32

3. СӨЖ тақырыбы: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ РУХАНИ МҰРАСЫ

Тапсырма:

1. XVII-XVIII ғғ.қазақ халқы үшін күрделі оқиғаларға толы, тарихи тағдыры сынға түскен кезең ретіндегі ролін анықтаңыздар.
2. Пункт 2.6.1 реферат: 7, 8

Ұсынылатын әдебиеттер: 2, 3, 4, 6, 7, 8, 12, 14, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 25, 28, 30, 32

4. СӨЖ тақырыбы: ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ ДҮНИЕСІНДЕГІ ДАНАЛЫҚ ДИАЛЕКТИКАСЫ

Тапсырма:

1. Даналықтың диалектикасы деген мәселені қалай түсінесіз, ой тұжырымдарыңызды ортаға салыңыздар.
2. Пункт 2.6.1 реферат:4

Ұсынылатын әдебиеттер: 1, 2, 3, 4, 6, 8, 10, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 27, 29, 31

5. СӨЖ тақырыбы: КӨШПЕЛІ ҚОҒАМДАҒЫ БИЛЕР СОТЫНЫҢ РОЛІ

Тапсырма:

1. «Билер соты» мен қазіргі қоғамдағы соттың өзара айырмашылығы және арақатынасына талдау жасаңыз.
2. Пункт 2.6.1 реферат: 3, 4

Ұсынылатын әдебиеттер: 1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 13, 14, 16, 17, 18, 21, 22, 24, 25, 27, 29, 30, 32

6. СӨЖ тақырыбы: ДАНАЛЫҚ ПЕН АДАМГЕРШІЛІКТІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Тапсырма:

1. Би-шешендер шығармашылығындағы адамгершілік мәселесіне жан-жақты тоқталып өтіңіздер.
2. Пункт 2.6.1 реферат: 2, 10
Ұсынылатын әдебиеттер: 1, 3, 6, 7, 9, 10, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 21, 22, 24, 25, 26, 28, 29, 32

7. СОӨЖ тақырыбы: ҚАЗАҚ БИЛЕРІНІҢ ДҮНИЕГЕ КӨЗҚАРАСЫНДАҒЫ ДАНАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тапсырма:

1. Даналықтың тарихи-философиялық мәселелеріне әр тарихи кезеңдерге қатысты салыстырмалы талдау жасаңыздар.
2. Пункт 2.6.1 реферат: 15
Ұсынылатын әдебиеттер: 1, 2, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 13, 15, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 27, 29, 31

8. СОӨЖ тақырыбы: БИЛЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – ХАЛЫҚТЫҚ МҰРА

Тапсырма:

1. Фольклордың тарихи дерек көзі және аңыз дүние ретіндегі роліне көзаярастарыңызды ортаға салыңыздар
2. Пункт 2.6.1 реферат: 14
Ұсынылатын әдебиеттер: 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 17, 18, 20, 21, 22, 24, 25, 27, 28, 30, 31

9. СОӨЖ тақырыбы: ҚАЗЫБЕК БИДІҢ БИЛІК ЖОЛЫ

Тапсырма:

1. Ж.Омаридің «Қаз дауысты Қазыбек» шығармасымен жұмыс жасаңыздар.
2. Пункт 2.6.1 реферат: 12
Ұсынылатын әдебиеттер: 2, 3, 4, 6, 7, 8, 12, 13, 14, 16, 19, 20, 21, 24, 25, 28, 29, 30

10. СОӨЖ тақырыбы: ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ДАНАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Тапсырма:

1. Қазыбек бидің шығармашылығына философиялық талдау жасаңыздар
 2. Пункт 2.6.1 реферат: 13
- Ұсынылатын әдебиеттер:** 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 20, 22, 24, 25, 27, 29, 30

11. СОӨЖ тақырыбы: ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ БИ-ШЕШЕНДЕРДІҢ ӨЗІНДІК ОРЫНЫ

Тапсырма:

1. Би-шешендердің Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдағы ролін анықтаңыздар
 2. Пункт 2.6.1 реферат: 1
- Ұсынылатын әдебиеттер:** 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 20, 22, 24, 25, 27, 29, 30

2.6 Студенттердің өзіндік жұмыстары бойынша сабақтар жоспары

СӨЖ-дың көлемінде “Қазыбек би философиясы” оқу пәні бойынша студент төменде көрсетілген тапсырмаларды өз бетімен орындап, оқытушыға тапсыру керек. Берілген тапсырмаларды орындау үшін алғашқы түпнұсқалармен, яғни берілген пәнге қатысты алғашқы көзқайнарлармен және көне дәуір мәдениетін зерттеуші классиктердің еңбектерімен жұмыс жасау керек: Силабуста көрсетілген кесте бойынша реферат жұмыстарын жазу.

№1 тапсырма: КІРІСПЕ

Тапсырма:

1. Пәннің тәрбиелік мақсаты
2. Баянды болашақ жайлы мәңгі ұғымдар дегеніміз не...

Әдістемелік нұсқаулар: Даналық көп ойлану, өз заманын терең түсіне білген, терең ақылдың, шалқар ой-өрістің жемісі. Бұл өз кезегінде мәдениетіміздің рухани тірегі. Көшпелі өркениеттің дамыған түріне жататын даналық өнеріне бүкіл адамзат ұрпағының қабілетін ұштаған рухани ғажайып қасиеттер, ұлттық тағылым, танымдық өрісті кеңейту, кемелдендіруде ақыл-ой парасатының ұлылығы мен ізгілік мұраттары өз көрінісін тапқан. Оның тағылымдық мәніне терең бойлау жалпы адамзаттық құндылықтарды тану құлшынысымен барынша үндесіп жатыр.

Адамзат ұрпағы қорытқан, дамытқан ғибраттық дәстүр рухани өмір ағымында адамға игілікті, ізгілікті, адамгершілік қадір-қасиетті дарытумен қатар, адам баласының арман-үміті, көзқарасымен сабақтас.

№2 тақырып: ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ

Тапсырма:

1. Қазақ халқының өмір бейнесі
2. Зергерлік сөз дәстүрі хақында

Әдістемелік нұсқаулар: Ғасырлар бойғы таным-тәжірибесі қорытқан рухани байлық үлгілері, ізденіс өрісі - даналық, ұлылық қабілетке ие болу белгілі бір дәрежеде өз бағытын айқындай алған ұлттық философиямыздың, мәдениетіміздің, тарихымыздың жеткен биігі мен ойландырар тұстарын ақыл таразысына сала білудің де қандайлықты абырой, құрмет екенін түсінер сәт, міне, қазір туындап отыр. Халық перзенттері талай замандар бойы адам арман-үмітін асқақтата көрсеткен, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған, қазақ фольклорының арқауы болған философиялық ойлар - осы халық даналығының жетістігі. Оған халықтың ғасырлар бойғы еңбегі, білімі, өнері жұмсалған.

№3 тапсырма: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ РУХАНИ МҰРАСЫ

Тапсырма:

1. Ауыз әдебиеті – халқымыздың рухани азығы, мәдениеті, философиясы

2. Өнегелік, ұстаздық ұлағаттар

Әдістемелік нұсқаулар: Сонау ерте заманнан бері қазақ тарихындағы әрбір би суырылып шыққан талант, ол тек қара сөздің шебері емес, сондай-ақ, өлең сөздің және көсем сөздің шебері болған. Ол – сондай-ақ, көреген дана, ақылгөй данышпан, «әлеуметті аузына қаратқан», әрі әділ және өткір адам. Би деген атының өзі халық арасында аса құрметті болған. Осынау біздің өткен тарихымыздағы ардақты аталарымыз туралы кезінде Ш. Уәлиханов «Билер сотының ертеден келе жатқан түрі» деген мақаласында: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жетік,

сонымен қатар, тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған. Мұндай би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі немесе шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған» деп жазып қалдырған.

№4 тапсырма: ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ ДҮНИЕСІНДЕГІ ДАНАЛЫҚ ДИАЛЕКТИКАСЫ

Тапсырма:

1. Даналық диалектикасы дегеніміз не...
2. Логикалық таным жүйесі

Әдістемелік нұсқаулар: Қазақ билерінің Қазақ мемлекеттілігінде әділсот ісін дамытуға және нығайтуға қосқан үлестері өлшеусіз. Олар қазақ халқының дәстүр-салтын, әдеттік құқық жүйесін, шешендік өнерін жаңа сапаға көтерді, әрі «Жеті жарғы» қабылданғаннан кейін сот билігінің негізгі принциптерін қалыптастырды. Ел ішіндегі сот билігінің негізгі тірегі, оның беделін нығайтатын, тәуелсіздігін берік қамтамасыз ететін басты принцип – әділсот ісін жүзеге асыратын билердің ақылгөй дана болуы.

№5 тапсырма: КӨШПЕЛІ ҚОҒАМДАҒЫ БИЛЕР СОТЫНЫҢ РОЛІ

Тапсырма:

1. «Адам дегеніміз өз әрекетінің жиынтығы»
2. Заң қалыптары мен этикалық қағидалар

Әдістемелік нұсқаулар: Қазақ билері іс жүзіне асырған әділсоттың негізгі заңдылығына даналық сөзге тоқтау идеясын енгізуі болды. Өзіне тән ерекшелігі, басқа халықтарда кездеспейтін қасиетті феномені – дау-жанжалдарды мағыналы шешендік сөздермен шешуі. Ешқандай құқықтық нормаға сүйенбей-ақ бір сөзбен дауды тоқтатуды қалыптастырған қазақ ұлты сөз мағынасының мүмкіндігіне ертеден-ақ назар аударған.

№6 тапсырма: ДАНАЛЫҚ ПЕН АДАМГЕРШЛІКТІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Тапсырма:

1. Жалпы адамзаттық ортақ мәдениеті хақында

2. Ойлау мәдениетіндегі ұлағатты дәстүр

Әдістемелік нұсқаулар: Даналық және адамгершіліктің бірлігі мен арақатынасы адам баласының игілігіне рухани ақыл-парасатпен, терең ойшылдық ерекшеліктерін, ізгілік қасиеттерді жарата білумен айқындалады. Мұны біздер халықтар даналығы қорытқан қазына-байлық, өмір тәжірибесі қорытқан рухани мұраларды ізгілік игілігі ретінде көзбен танып, көкірекпен қабылдай білуімізден көрінеді. Адамзаттың рухани дүниесін жетілдіруде тарихи тағылым сабақтары, өнер иелерінің өнегелік өрістері өзіндік роль атқарады. Би-шешендердің жер тағдыры, ел тағдырына қатысты іс-әрекеттері көкірек көзімен сезіне білу қасиеттері логикалық ой жұмысының сенімді серігі, рухани демеушісі. Дала демократиясының дарабозыларының осы кезеңде мемлекет қайраткері деген құрметке ие болуының өзі тегін емес еді.

№7 тапсырма: **ҚАЗАҚ БИЛЕРІНІҢ ДҮНИЕГЕ КӨЗҚАРАСЫНДАҒЫ ДАНАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Тапсырма:

1. Адам мен табиғат қатынасының жасампаздық, жарасымдылық үйлесімі

2. Қазақ дүниетанымының айнасы

Әдістемелік нұсқаулар: Адам жанының рухани туындысы, өнер игілігі - халық шығармашылығы, халық даналығы тұтас алғанда қазақтардың тарихи зердесі ғана емес, олардың қоршаған ортаға, болмысына қарым-қатынасын, белгілі бір тарихи даму кезеңінде адамдардың ақыл-ой ізденістерінің түсінік өрісі ашылып, кемелденуінде танымдық баға беру қабілетін көрсететін бірден-бір қазына. Ізгілікті өнерде адамның рухани жан дүниесі, парасат байлығы, адамгершілік асқақ сезімі, бір сөзбен айтқанда халық даналығы, бай өмірлік тәжірибесі және осының бәріне философиялық тұрғыдан негіздей білгендігіне таңданбасқа болмайды.

№8 тапсырма: **БИЛЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – ХАЛЫҚТЫҚ МҰРА**

Тапсырма:

1. Дана тұлғалар –тәлімгер ұстаз ретінде
- 2.Данышпандық нақыл сөздер

Әдістемелік нұсқаулар: Қоғам өмірінің келелі, кесек оқиғаларымен сабақтас даналықтың шексіз де, ұлан-ғайыр өрісі мен күдіретінің даму белестерін қарастырғанда, әрине, оларды қашан да жалпы адамзаттық ортақ мәдениет өрісінде алатын орны тұрғысынан саралап бағалай білген дұрыс. Дәстүрлі мәдениетіміздің тереңінен тамыр тартқан халықтық даналық мәйегі сол халықтың рухани байлығының құрамдас бір бөлігі болып табылады. Халық шығармашылығы туындыларын басшылыққа алыңыздар.

№9 тапсырма: ҚАЗЫБЕК БИДІҢ БИЛІК ЖОЛЫ

Тапсырма:

1. Тарих пен тағдыр
- 2.Мәдениетіміздің тереңінен тамыр тартқан халықтық даналық мәйегі

Әдістемелік нұсқаулар: Бабамыздың асқақ даналық асыл қасиеттері тумысынан болса керек. Оның даналық дарынын, талант табиғатын – рухани болмысынан, философиялық ой-түйсігі, дүниетанымының тереңдігінен көреміз. Ә.Кекілбаев айтпақтай даналық қасиет – «саф алтындай ілуде бір кездесетін сирек талант, ...ел-ананың сан жылдап сарғая күтіп жүріп табатын сағынышты перзенті». Сондықтан да, қазақ даналығының Сарыарқадай шалқар сахарасында Алатаудай Асан қайғыдан бергі көл-көсір жазықта көзге ілігер, көңіл шүйлігер қарауыл биіктер қадау-қадау. Солардың ішінде хан төбедей көкпен тайталасқан қайсар, қай жағынан қарасаң да қапысын тапқызбай тәкаппар биіктердің бірі – Қаз дауысты Қазыбек би. Осындай «Тәңірісі артық жаратқан» дарындылық талант табиғатының негізінде Қазыбек ел арасындағы әңгімелерге қарағанда жеті жасында-ақ шешендігімен, алғырлығымен көзге түсе бастапты дейді. Әрі «би» деген мәртебелі атақты жасөспірім кезінде айтқан биліктерінен кейін иеленген деп кәрі құлақ қариялар әңгімелейді. Бабамыздың жастай осынау құрметті атақты жеңіп алуы аталар дәстүрінде, тарихта өте сирек кездеседі.

№10 тапсырма: ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ДАНАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Тапсырма:

1. Адам жанының рухани туындысы
2. Адамзат ұрпағы қорытқан ғибраттық дәстүр

Әдістемелік нұсқаулар: Қай заманның, қай кезеңнің болмасын рухани өз несібесін ең алдымен өзіне бұйырса, уақыт сынынан өткендері ғана кейінгілерге - келешекке қасиетті қазына боп шеру тарта берері хақ демекші рухани жан дүниесі кемелдігіне ешбір дүние қызығы теңдеспес көшпелілер әлемнің рухани бай қазынасы осының айғағы. Әр ұлттың қасиеті, болмысы, мәдени даму бағыты, дүниетанымы, ой-өрісі - оның рухының іргетасы. Рух – қастерлі де қасиетті ұғым. Ұлтымыздың бар болмысы мен болашағын айқындайтын - рухани құндылықтар, атап өтер болсақ, мәдениет, философия, өнер, әдебиет. Тарих пен тағдырдың тезінен, сынынан сүрінбей өтіп, елдік қасиет пен қалпын сақтап қалғандығы - осы мұраның таным, ақыл-парасат, көзқарас, сенімді ұлттың қасиетті дәстүрін ардақтау рухында келер ұрпаққа бағыт-бағдар көрсетуі еді.

№11 тапсырма: ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ БИ-ШЕШЕНДЕРДІҢ ӨЗІНДІК ОРЫНЫ

Тапсырма:

1. Қазақ философиясының бастауы
2. Билердің даналық мұралары

Әдістемелік нұсқаулар: Ұлттық философия тарихында билер даналығын жете зерттеп, талдау, оның рухани құндылықтарына терең бойлау болашақтың үлесінде. Себебі бабалар өсиеті бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерімен тікелей сабақтасығы мен жалғастығы - ұрпақтар арасындағы тарихи-танымдық, философиялық үндестікті аңғартады. Тарих қойнауынан ерекше орын алған философиялық ой-тұжырымдардың қазіргі таңда мәдени құбылыс ретінде ролі өте зор. Ақыл-ой ізденістерінен жетілген даналық мәйегі мәдени кеңістік пен ұлттық философия тарихының кемелденуіне қосқан үлесі, еліміздің рухани дамуындағы философиялық ойлар жүйесінде алатын ерен орнымен айқындалады. Қоғамдық санадағы болып жатқан түбірлі өзгерістер мен ұлттық тәуелсіздік

туы асқақтаған сайын туындап жатқан жаңа таным, соны көзқарастар аясында игілікті істер, ата-бабалар өсиеті, мұрасы, халқымыздың өткені мен бүгінгі болмысының рухани әлеміндегі қайталанбас ғажайып даналық әлемі тереңінен ашылып танылмақ керек.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттерді жалпы пән бойынша берілген әдебиеттер тізімінде қарастыруға болады.

2.6. 1 Курс бойынша жазбаша жұмыстар тақырыптары

Рефераттар тақырыбы

1. Қазылықтың қоғамдағы ролі
2. Шешендік өнер тарихы
3. Дала кемеңгерлері
4. Билер кеңесі хақында
5. Билер шығармашылығы
6. Тарихи тағылым
7. «Жеті жарғының» қоғамдағы ролі
8. «Жеті жарғының» өмірге келу тарихы
9. Тәуке хан – қазақ халқының біртуар, данышпан қайраткерлерінің бірі
10. Даналық халықтық мұра ретінде
11. Ұлт ұғымы – ұланымен үлгі
12. Қазыбек Келдібекұлының рухани қазынасы
13. Қазақ сөз өнерінің күші мен құдіреті
14. Аңыз әңгімелер халықтың рухани тарихының бір арнасы ретінде
15. Ұлағатты ойдың өнегелі өресі

Бақылау жұмыстарының тақырыптары

1. Көшпелілер дүниесіндегі рухани жалғастық
2. «Дау мұраты - бітім»
3. Елдік дәстүр мен сөз құдіретін ұштастырған шешендік өнері
4. Қазақтың дана билері
5. Даналық қасиеттің өзіндік ерекшелігі
6. «Ер – елдің баласы»

7. Аңыз әңгімелер – халық тарихы мен таным түсінігі ретінде
8. Ұрпақтар сабақтастығы – ұлттық сананың бастау көзі ретінде
9. XVII-XVIII ғғ.қазақ халқының өмір бейнесі, ұлттық сипаты
10. Тарихи тағылым сабақтары
11. Аталар дәстүрі жасаған рухы күшті мұралар
12. «Елдестіркем – елшіден, жауластырмақ - жаушыдан»
13. Салыстырмалы деректану әдісі негізінде сарапталған фольклорлық мәліметтер
14. Шешендік өнер
15. Даналық және адамгершіліктің бірлігі мен арақатынасы

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – А., 1984
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. –А., 1973
3. Әбжанов Т.Ы. және т.б. Қазақ рухының философиясы. –Қарағанды, 2003
4. Әлменұлы Б. Шешендік өнер. А., 1993
5. Әлімгереев Ө. Сырымның шешендік өнері. –А., 1994
6. Байтұрсынов А. Ақ жол...- А., 1991
7. Бурабаев Т.К. Қазақ философиясындағы даналық мәселесі. А., 1998
8. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. –Алма-Ата, 1984. –Т. 1-5
9. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. –А., 1995
10. Гумилев Л.Н. Ритмы Евразии: Эпохи и цивилизации. – М., 1993
11. Дәдебанв Ж. Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері. –А., 1996
12. Есімов Ғ. Сана болмысы. Саясат пен мәдениет туралы ойлар. –А., 1994
13. Марғлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. –А., 1985
14. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. –А., 1996
15. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. А., 1999

16. Қасқабасов С. Ел қазынасы – ескі сөз. / В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері. –А., 1994
17. Қазақ даласының ойшылдары (IX-XII ғғ.). –А., 1995
18. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. -А., 1991
19. Қасенов Б.Қ. Намыс (философиялық эссе). – қарағанды, 1999
20. Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары. / Құраст. З.Кенжалиев. –А., 1996

2.6.2 Курстық жұмыстар тақырыптары

Курстық жұмыстар тақырыптары:

1. Курстық жұмыс тақырыптары
2. Қазыбек Келдібекұлының өмірі мен билік жолы
3. Билер сотының қоғамдағы ролі
4. Билер кеңесінің өзіндік ерекшелігі
5. XVII-XVIII ғғ. Қазақ хандығы
6. Тәуке хан және «Жеті жарғы»
7. «Жеті жарғы» - құқықтық мұра ретінде
8. Шешендік дәстүрдің тарихы
9. Далалық өркениет
10. Дәстүр мен мәдениеттің рухани сабақтастығы
11. Көркем сөз зергерлері
12. Тұлғалар тарихы – ерлік пен елдіктің шырағы
13. Үш ұлыс билері – асқақ даланың дархан даналары
14. Даналық пен адамгершіліктің өзара байланысы
15. Ақын-жыраулар шығармашылығындағы адамгершілік мәселесі
16. Би-шешендер шығармашылығындағы адамгершілік мәселесі

Әдістемелік нұсқау: Курстық жұмысты орындау барысында келесі мәселелерді ескерген жөн:

- тақырыпқа қатысты дұрыс материалдарды таңдай білу;
- материалдармен зерделей, саралай отырып жұмыс жасай білу;
- курстық жұмыс тақырыбының ғылымилығын, өзектілігін анықтай білу;

- курстық тақырыпта көтеріліп отырған мәселеге қатысты жоспар мазмұнын дұрыс құра білу.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

Жалпы курс бойынша жазбаша жұмыстарға берілген әдебиеттермен жұмыс жасау.

2.7 Оқу сабақтарына бағдарламалық және мультимедиялық ілеспе

Оқу жұмыс бағдарламасы бойынша қарастырылмаған

2.8 Өзін бақылау үшін тест тапсырмалары

Тест сұрақтарының тізбегі

1. Қазақ халқының алғашқы “далалық конституциясы”:

- A) Жеті жарғы
- B) Билер кеңесі
- C) Народный сот
- D) Билер соты
- E) шариат

2. “От басында білгір қартың болса, ол – жазылған хаттан кем емес...” толғау жолдарының авторы:

- A) Анарыс
- B) Әйтеке би
- C) Қаз дауысты Қазыбек
- D) Төле би
- E) Үмбетей жырау

3. «Жеті жарғы» дегеніміз:

- A) халықтық қазына
- B) құқықтық мұра
- C) халық тарихы
- D) халық тағылымы
- E) халық мәдениеті

4. «Жеті жарғы» деп аталу себебі:

- A) рулар санымен байланысты
- B) билер санымен байланысты

- C) қазылық деген түсінікпен байланысты
- D) қоғамдағы әлеуметтік-саяси идея
- E) жеті әдеттік құқық жүйеден тұрғандықтан

5. «Қаздауысты Қазыбек» еңбегінің авторы:

- A) М.Әуезов
- B) Ш.Уәлиханов
- C) Ы.Алтынсарин
- D) Ж.Омари
- E) О.Сүлейменов

6. “Жүзге бөлінгендердің жүзі қара...” жолдарының авторы:

- A) Төле би
- B) Әйтеке би
- C) Қаз дауысты Қазыбек
- D) Анарыс
- E) Үмбетей жырау

7. Атақты үш бидің өмір сүрген уақыты:

- A) XIX ғ.
- B) XIV-XV ғғ.
- C) XV-XVI ғғ.
- D) XIII-XIV ғғ.
- E) XVII-XVIII ғғ.

8. “Билер кеңесінің” алға қойған басты мақсаттарының бірі:

- A) ру көсемдерін тағайындау
- B) жер бөлісу
- C) діни бағыттағы қызмет
- D) бір орталықты мемлекет құру
- E) политеизм мәселелері

9. Ш.Уәлиханов “XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар” еңбегінде үш жүздің батырларынан кімдерді атаған:

- A) Абылай
- B) Бөгенбай батыр
- C) Қазыбек, Дербісәлі
- D) Баян, Ноян

Е) Шақшақ Жәнібек

10. “Ұлы билердің ұстазы”:

- А) Майқы би
- В) Келдібек би
- С) Төлебай би
- Д) Әнет баба
- Е) Бұхар жырау

11. Әрбір биді және халық өміріндегі олардың орнын Батыс Европадағы ұлы адамдао Шекспир, Гете және басқалармен қатар қойып бағалаған кім:

- А) Әуезов М.
- В) Уәлиханов Ш.
- С) Сүлейменов О.
- Д) Әл-Фараби
- Е) Алтынсарин Ы.

12. Билердің ұрпақтар жалғастығымен байланыстылығы жөніндегі пікірдің авторы:

- А) Әуезов М.
- В) Уәлиханов Ш.
- С) Сүлейменов О.
- Д) Әл-Фараби
- Е) Алтынсарин Ы.

13. Келдібек биге кезінде алдын ала болжау айытқан кім:

- А) Әнет баба
- В) Төле би
- С) Майқы би
- Д) Төлебай би
- Е) Бегімысық әулие

14. Қай ханның тұсында Қазыбек би елшілікке атқосшы болып барды:

- А) Тәуке хан
- В) Қасым хан
- С) Жәнібек хан

- D) Абылай хан
- E) Есім хан

15. «Қаз дауысты» аталу себебі:

- A) Оның бүкіл қазақ қауымы жиналған ұлы дүбірлі жиындарда өзіне бағындырған шешендік қасиеті, ақылмандығы
- B) Үш бидің бірі болғандықтан
- C) Арғын тегімен байланысты
- D) Орта жүзден шыққандықтан
- E) Тәуке хан қызметімен байланысты

16. Қазыбек бабамыздың «Арық емес, қатумын» деген сөздерінің астары:

- A) тура мағынада
- B) мінез ауырлығы
- C) «арықтығым – батырлығым, шымырлығым» дегені
- D) денсаулық мәселесі
- E) шыққан тегімен байланысты

17. Шешендік өнерді адам ақыл-ойын жаркылдатып, аспандатып жіберетін шұғылаға тенеген антик ойшылы:

- A) Сократ
- B) Цицерон
- C) Платон
- D) Аристотель
- E) Парменид

18. Көзі тірісінде «көмекей әулие» атанған ойшыл:

- A) Бұқар жырау
- B) Асан Қайғы
- C) Қорқыт
- D) Майқы би
- E) Әнет баба

19. Көне Грек және Римдегі шешендік өнердің далалық шешендік өнерден айырмашылығы:

- A) табиғи орта мен дүниетанымы
- B) ұрпақтар сабақтастығы

- C) шешендікке баулитын ресми мектептер
- D) мемлекет көлеміндегі билік
- E) сот ролін атқаруы

20. «Сөзге тапқырлық – жақсы адамшылық қасиет...» деген пікір авторы:

- A) Әуезов М.
- B) Уәлиханов Ш.
- C) Сүлейменов О.
- D) Әл-Фараби
- E) Алтынсарин Ы.

Дұрыс жауаптардың кілттері

Сұрақ номері	Дұрыс жауап (A, B, C, D, E)	Сұрақ номері	Дұрыс жауап (A, B, C, D, E)
1	A	11	B
2	C	12	B
3	B	13	E
4	E	14	D
5	D	15	A
6	A	16	C
7	E	17	B
8	D	18	A
9	C	19	C
10	D	20	D

Студенттердің білімін бағалау критеріі

Дұрыс жауаптар саны	Баға
19-20	Өте жақсы
16-18	Жақсы
10-15	Қанағаттанарлық
10 балдан төмен	Қанағаттанарлықсыз

2.9 Курс бойынша емтихан сұрақтары

1. Қазыбек би философиясы пәні және мақсаты
2. Қазақ даналығының өзіндік ерекшелігі
3. Ұлттық тәрбиедегі шешендік дәстүрдің маңызы
4. Шешендік өнердің қазақ философиясында алатын орыны
5. Қазақ халқына билік сотының өзіндік ролі
6. Даналықтың мектебі болған шешендік дәстүрі

7. Тарихи сабақтастық және қазылық, билік
8. Билер шығармашылығындағы ойлау әдісінің метафорылығы
9. Ұлттық дәстүрдегі ауыз әдебиетінің ролі
10. Халық философиясының даналыққа негізделуі
11. Сұхбаттастық - қазақ болмысының бір қасиеті ретінде
12. Қазылық, билік, шешендік дәстүрлерінің үлгісі мен үрдісі
13. Қазыбек Келдібекұлының өмірбаяны
14. Қазыбек бидің билік жолына келуі
15. Рухани сабақтастықтың қуаты мен құдіреті
16. Мәдениет – адам баласының болмыстық қасиетінің бастамасы
17. Қазақи дәстүрдегі даналықтың диалектикасы
18. Билер шығармашылығы - халықтық мұра
19. Жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттаушылар ретіндегі билердің ролі
20. Ауыз әдебиеті – далалық ауызша тарихнамасы ретінде

Мазмұны:

ПӘННІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ -SILLABUS.....	3
1.1 Оқытушы туралы мәліметтер.....	3
1.2 Пән туралы мәліметтер.....	3
1.3 Перереквизиттер.....	3
1.4 Постреквизиттер.....	3
1.5 Пәннің қысқаша мазмұны.....	4
1.6 Пән бойынша тапсырмаларды орындау және өткізу кестесі.....	4
1.7. Әдебиеттер тізімі.....	6
1.8 Баға туралы ақпараттар білім бағасы.....	8
1.9 Курстың процедурасы және саясаты.....	8
2. ПӘН БОЙЫНША ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР.....	10
2.1 Курстың тақырыптық жоспары.....	10
2.2 Дәріс сабақтарының тезистері.....	10
2.3 Семинарлық сабақтар жоспары.....	27
2.4 Лабораториялық сабақтар жоспары.....	36
2.5 Оқытушының жетекшілігімен орындалатын студенттердің өзіндік жұмыстары бойынша өткізілетін сабақтардың жоспары.....	36
2.6 Студенттердің өзіндік жұмыстары бойынша сабақтар жоспары.....	39
2.6.1 Курстық жұмыстар тақырыптары.....	45
2.6.2 Курстық жұмыстар тақырыптары.....	47
2.7 Оқу сабақтарына бағдарламалық және мультимедиалық ілеспе.....	48
2.8 Өзіндік бақылау үшін тест тапсырмалары.....	48
2.9 Курс бойынша емтихан сұрақтары.....	52
Мазмұны.....	54

*ОӘК философия және мәдениет
теориясы кафедрасының
мәжілісінде талқыланды
2009 ж. 18 наурыз № 7 хаттамасы*

*Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ
ғылыми-әдістемелік кеңесінде
мақұлданды, бекітілді
2009 ж. 17 сәуір №5 хаттамасы*

**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ САЯСАТ (ҚАЗЫБЕК БИ
ФИЛОСОФИЯСЫ) пәні бойынша**

050201 - Философия мамандығы үшін

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН

Сағатова Әсем Серікқызы

Басуға __ 2009 ж. Қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Кітап-
журнал қағазы.

Көлемі __ ес.-б.т. Таралымы _____ дана. Тапсырыс №__

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің
баспасы

100012, Қарағанды қ., Гоголь к-сі, 38